СЕЙСЕНБІ
№25 (4565)
4.03.2025
www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

AIQYN

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БОЛГАРИЯ ПРЕЗИДЕНТІН АЗАТ ЕТУ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Болгария Республикасының Президенті Румен Радевке осы елдің ұлттық мерекесіне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті құттықтауында екі ел арасындағы дәстүрлі достық пен өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынастың одан әрі нығая беретініне сенім білдірген.

Қасым-Жомарт Тоқаев Румен Радевтің жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, ал достас болгар халқына құт-береке тіледі.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйым жетекшілерінен қасиетті Рамазан айының басталуына орай құттықтау жеделхаттары келді.

Мемлекет басшысын Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Сауд Арабиясының Королі, Қос киенің сақшысы Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі ханзада Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, БАӘ Президенті Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай билеушісі Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн, Кувейт Мемлекетінің Әмірі Мишааль әл-Ахмад әл-Джабер ас-Сабах, Кувейттің Тақ мұрагері Сабах Халид әл-Хамад Ас-Сабах, Оман Сұлтаны Хайсам бен Тарик, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сиси, Марокко Королі VI Мұхаммед, Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл Халифа, Израиль Президенті Ицхак Герцог, Ислам ынтымақтастығы ұйымының бас хатшысы Хиссейн Брахим Таха, ОПЕК бас хатшысы Хайсам әл-Гаис және басқалары құттықтады.

Қазақстан Президентінің атына құттықтау жеделхаттары әлі де келіп түсіп жатыр.

ТҮРКІСТАНҒА ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕ БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды.

Заңда еліміздің рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы ретіндегі Түркістан қаласының ерекше мәртебесі бекітілген.

Құжат қаланың тарихи-мәдени ескерткіштері мен нысандарын басқарудың, сақтаудың және тұтастығын қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құруға негізделген.

«Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бірегейлігін сақтап қалу үшін Түркістан қаласының аумағында тарихи нысандарға айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады. Сонымен қатар кесенені қорғау аймағында биіктігі 7 метрден асатын және оның шекарасынан 100 метр қашықтықта ауқымы, түсі мен құрылыс материалдары бойынша ескерткіштермен үйлеспейтін нысандар салуға рұқсат етілмейді. Шаһар аумағында археологиялық ескерткіштердің резерваты құрылады,» – деп көрсетілген жаңа заңда.

Осылайша, қалада жайлы орта құру, соның ішінде мүгедектігі бар адамдарға инфрақұрылымдарды қолжетімді ету және инклюзивті туризмді дамыту маңызды бағытқа айналады. Бұл жергілікті тұрғындар мен туристер үшін қаланы қолайлы әрі тартымды етуге мүмкіндік береді.

КӨЛЕҢКЕЛІ БИЗНЕС КӨСЕГЕНІ КӨГЕРТПЕЙДІ

Президент 2024 жылғы 2 қыркүйектегі соңғы Жолдауында жаңа Салық кодексі жобасына тоқтала келе, көлеңкелі экономика үлесінің жоғары болуы қаржы саласындағы ахуалды ушықтырып тұрғанын ашық айтты. Оны айтарлықтай төмендету үшін мұқият ойластырылған, жан-жақты, нақты шара қабылдауды тапсырды. Осы орайда Экономика министрлігі ҚҚС шегін төмендету арқылы орта бизнесті көлеңкеден шығаратынын мәлімдеді. Алайда Премьер ҚҚС-тің көлеңкелі экономикаға тікелей қатысы жоқтығын айтып отыр. Мәселенің мәнісіне бойлап көрелік.

КӨЛЕҢКЕДЕН КҮНГЕЙГЕ «ТЫҚСЫРЫП ШЫҒАРАДЫ»

Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Азамат Әмрин журналистермен кездесу кезінде шағын және орта бизнесті көлеңкеден шығару үшін қосылған құн салығының (ҚҚС) ең төменгі межесін азайтудың маңыздылығына тоқталды. Осы мақсатта Үкімет компанияларды ҚҚС төлеуші ретінде есепке қою табалдырығын қолданыстағы 20 000 АЕК-тен (2025 жылы 78 640 000 теңгеден) 3 800 АЕК-ке (14 941 600 теңгеге) дейін кемітуге шешім қабылдапты.

(Жалғасы 4-бетте)

БОЗКІЛЕМДЕ АТОЙ САЛҒАН БАЛУАНДАР

Күрестен биылғы маусым қазақстандық спортшылар үшін табысты басталды. Ірі халықаралық турнирлерде отандастарымыз біршама жетістіктерге қол жеткізді.

ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫ ТОП ЖАРДЫ

2025 жылғы маусым күрес шеберлері үшін бірнеше халықаралық турнирден басталды. Соның ішінде Қазақстан әйелдер құрамасы топ жарған болатын. Қазақстандық еркін күрес шеберлері Эльмира Сыздықова мен Гүлдана Бекеш маусымды қос бірдей алтын жүлдемен бастады.

Отандастарымыздың алғашқы жарысы – Францияның Ницца қаласында өткен Анри Деглан Гранпри кезеңі. Аталмыш жарыста Эльмира Сыздықова 76 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп алтын медаль жеңіп алса, Гүлдана Бекеш 59 келіге дейінгі салмақта жеңіс тұғырының биік сатысына шықты. Айта кетейік, Бекеш 2024 жылы жастар арасындағы Азия чемпионатында қола медаль еншілесе, Эльмира Сыздықова ересектер арасындағы құрлық біріншілігінде үшінші орын алған еді. Бұл жолы да Рио Олимпиадасының жүлдегері өз шеберлігін дәлелдеп, қарсыластарын айқын басымдықпен жеңді.

→ 8

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАППАЙ ҚҰБЫЛЫСҚА АЙНАЛМАЙДЫ

Осыдан бірер жыл бұрын өндірісті автоматтандыру қол жұмысын қажет ететін қызметті алмастырады деген қауіп басым еді. Ал қазір сарапшылар жасанды интеллекттің дамуы, машиналық оқытудың өркендеуі еңбек нарығынан интеллектуалдық рутиналық жұмыстармен айналысатын мамандарды ығыстыруы мүмкін деп дабыл қағуда. Жасанды интеллекттің дамуы еңбек нарығына түбегейлі өзгерістер әкелетіні анық. Қазақстан да дүниежүзінде жүріп жатқан бұл үрдістен қалыс қалған жоқ.

Жасанды интеллекттің еңбек нарығына ықпалы сөзсіз және оны екіжақты қарастыруға болады. Бір жағынан, ол кейбір жұмыс орындарын алмастыруы мүмкін, әсіресе стандартты, қайталанатын міндеттерді орындайтын қызметкерлер үшін. Бұл операторлар, курьерлер сияқты мамандықтарға қауіп төндіреді. Екінші жағынан, жаңа технологиялар жаңа жұмыс орындарын тудырады, әсіресе IT, инженерия, креативті индустриялар және ғылыми зерттеулер салаларында.

(Жалғасы 4-бетте)

АҚПАРАТ

4 НАУРЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен бюро отырысы өтті. Онда депутаттар 6 наурыз күні өтетін палата отырысының күн тәртібін бекітті.

Іс-шара барысында бюро мүшелері палатаның алдағы отырысында «Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарау туралы шешім қабылдады. Келісім айыпталушының кінәсін дәлелдеуге бағытталған процессуалдық әрекеттер жүргізуді көздейді.

Заңның мақсаты – қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамдарды экстрадициялауға құқықтық негіз қалыптастыру, сондай-ақ қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

Сондай-ақ сенаторлар «Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл құжат қылмыс жасаған адамдарды беру тетіктерін қалыптастыруға, қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге бағытталған. Келісім нормалары экстрадициялау және одан бас тарту негіздерін, беру шарттары мен рәсімдерін және экстрадициялауды кейінге қалдыру немесе белгілі бір мерзімге беру мәселелерін де айқындайды.

Сонымен қатар бюро отырысында депутаттар комитеттердің алдағы отырыстарында қаралатын мәселелерді пысықтап, Мәжілістен келіп түскен заңдарды бөлді.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ РЕТТЕЛМЕК

Премьер-Министр орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жұмыс кеңесін өткізіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының қазіргі жағдайын талқылады.

Сауда және интеграция министрлігінің мәліметтері бойынша, осы жылдың ақпан айында ӘМАТ бағасының өсу индексі 1,3%-ға дейін баяулаған. Сонымен қатар бес тауар түрі: күріш (-2,9%), жұмыртқа (-1,4%), ұн (-0,8%), макарон өнімі (-0,4%) және қарақұмық (-0,2%) бойынша баға төмендеді. Жыл басынан бері көкөніске бағаның маусымдық өсуі байқалуда.

Өңірлерде қордағы өнімдерді сату жұмысы жүріп жатыр. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков 156,9 мың тонна жалпы көкөніс қорының 53,9 мың тоннасы сатылғанын, қазіргі сәтте 92,5 мың тонна көкөніс қоры қалғанын хабарлады.

«Жүргізілген түгендеулерден кейін қоймалардағы картоп қоры 47,6 мың тоннаны, сәбіз – 16 мың тоннаны, пияз – 14,6 мың тоннаны, қырыққабат – 14,1 мың тоннаны құрап отыр», – деп мәлімдеді Ербол Тасжүреков.

Ауыл шаруашылығы вице-министрінің айтуынша, бұл қорларды сату жұмыстары жалғасуда.

Вице-премьер нарыққа өнімдерді аз жеткізген, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тиімсіз реттейтін өңірлердің жұмысын сынға алды. Атап айтқанда, елорданың ірі сауда желілерінің бірінде ақпан айында картоп жеткізу кешіктірілгені байқалды, осыған байланысты Сауда комитеті мен «ҚТЖ Экспресс» АҚ көмегімен аталған көкөністі жедел жеткізу жұмысы ұйымдастырылды. Серік Жұманғарин басқа өңірлерде мұндай жағдайлардың алдын алу үшін картоп және әлеуметтік маңызы бар өзге де тауарлар қорына тексеріс жүргізуді тапсырды.

Тұрақтандыру қорларындағы өнімді сату, маусымаралық кезеңнің басталуына байланысты жекелеген аймақтарда импортталған картопты жеткізу басталды. Сонымен қатар аумақтық Сауда департаменттері ӘМАТ-қа сауда үстемесін бақылау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Жыл басынан бері және 27 ақпандағы жағдай бойынша 842 сауда нысаны сауда үстемесін асырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

БҰЛ ЗАҢНАМА БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК

Мәжілісте Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильяновтың жетекшілігімен «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы мен оған ілеспе түзетулердің таныстырылымы өтті. Заң жобаларының нормаларымен оның авторларының бірі, депутат Екатерина Смышляева таныстырды.

Екатерина Смышляеваның айтуынша, еліміз Еуропалық Одақтан кейін жасанды интеллект мәселелерін реттейтін жеке заң қабылдаған әлемдегі алғашқы елдердің бірі болуы мүмкін. Оны дамытудың негізі жасанды интеллектіні экономика мен өмірдің түрлі саласына ауыртпалықсыз енгізу, оның жүйелерін сенімді әрі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету, елде тиісті технологияларды дамыту болды.

– Цифрлық заңнамада біз технологиялық бейтараптық қағидатын ұстануға тырысамыз, яғни заңдарды немесе ережелерді жеке технологияларға ғана бағыттамауымыз қажет. Бірақ бұл жағдайда технологияның ерекшелігі сонша, ол өз айналасында әлеуметтік қатынастардың ерекше түрін жасайды. Бұл заң жобасы оларды реттейді, – деді Екатерина Смышляева.

Оның айтуынша, негізгі заң жобасы 7 тарау, 27 баптан тұрады. Негізгі жаңалықтардың бірі – ЖИ жүйелерін тәуекел деңгейлері (ең төменгі, орташа және жоғары) бойынша жіктеу. Бұл пайдаланушылардың және қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне ықтимал әсеріне байланысты олардың жұмысын реттеуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте бақылаусыз зардаптардың ықтималдығын азайту үшін жобада Қазақстан аумағында адамның араласу мүмкіндігінсіз шешім қабылдайтын жүйелерді құруға және енгізуге тыйым салынады. Жасанды интеллект иелері мен әзірлеушілері пайдаланушыларға жасанды интеллектпен қалай әрекет ету қажеттігін ескертуге және оның қалай жұмыс істейтіні туралы түсініктеме беруге міндетті.

Жеке деректерді қорғау және айла-шарғы жасаудың алдын алу мақсатымен адамдарды әлеуметтік, биометриялық және мінез-құлық ерекшеліктеріне қарай бағалау үшін ЖИ-ді қолдануға қатаң шектеу, сондай-ақ адамның мінез-құлқын басқаруға қабілетті ЖИ құруға, пайдалануға тыйым салу туралы норма енгізіледі.

Сонымен қатар Ұлттық жасанды интеллект платформасы құрылады. Басқарылатын ортада ЖИ жүйелерін әзірлеу, оқыту және сынақтан өткізу үшін мемлекеттік технологиялық инфрақұрылым қалыптасуда. Бұл осы саладағы отандық шешімдерді дамытуға ықпал етеді. Бұл ретте ЖИ және деректер саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары Үкіметте қалады. Реттеуші Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жанынан құрылған Жасанды интеллект комитеті болады.

Ілеспе жоба аясында Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске, сондай-ақ «Ақпараттандыру туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы», «Масс-медиа туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Осылайша, ЖИ туралы заңнама талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде синтетикалық деректер туралы пайдаланушыларды хабардар етпегені және ЖИ жүйелерінің тәуекелдерін басқарудың болмауы үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленеді. Сондай-ақ электронды үкімет аясында ЖИ жүйелерін дамытуға талаптар қарастырылады. Жеке деректерді ашық көздерден алуға шектеулер, медиаконтент жасау кезінде ЖИ-ді қолдану туралы пайдаланушыларды хабардар ету міндеті белгіленеді.

ҚОС АЗАМАТТЫҒЫ БАР АДАМДАР АНЫҚТАЛДЫ

Былтыр елімізде қос азаматтығы бар 700-ге жуық адам анықталды. Бұл туралы Ішкі істер министрлігі хабарлады.

– 2025 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы азаматтығы туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке Қазақстан Республикасының бұрынғы 66 азаматы тартылды. Басым көпшілігі Ресей Федерациясының (64) азаматтығын қабылдағандар. Сондай-ақ Германия (1) және Қырғызстан (1) азаматтығын алған екі тұлға бар. Оның 35-і айыппұл төлесе, 31 адам елден шығарылды, – делінген хабарламада.

Сондай-ақ ведомство былтыр қос азаматтығы бар 700-ге жуық адам анықталғанын мәлімдеді.

– 2024 жылы Қазақстан Республикасы азаматтығы туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке Қазақстан Республикасының бұрынғы 675 азаматы тартылды. Басым көпшілігі Ресей Федерациясының (565), Түркия (26), Германия (11) және АҚШ (22) азаматтығын қабылдағандар. Оның 526-сы айыппұл төлесе, 149 адам елден тыс шығарылды, – деп хабарлады Ішкі істер министрлігі.

Былтыр Қазақстан азаматтығын алушылар саны 25 пайыз азайғаны белгілі болды.

– 2025 жылдың қаңтар айында 1 513 адам Қазақстан азаматтығынан бас тартты, оның басым көпшілігі Ресей Федерациясы (1 165), АҚШ (51), Түркия (41), Канада (27) және Ұлыбритания (26) елдеріне қоныс аударған, – деп мәлімдеді ведомстводан.

Сондай-ақ Ішкі істер министрлігі былтыр ел азаматтығынан бас тартқан адамдардың 85 пайызы Ресейге көшкенін мәлімдеді.

– 2024 жылы 19 888 адам Қазақстан азаматтығынан бас тартты, оның басым көпшілігі Ресей Федерациясы (16 941), Түркия (725), АҚШ (462), Канада (260) және Ұлыбритания (168) елдеріне қоныс аударған, – деп жазылған хабарламада.

Одан бөлек, 2024 жылы 1 адам Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығарылған. Заңнамаға сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтығы екі жағдайда тоқтатылады: өз еркімен шыққанда және азаматтықтан айырғанда.

Бетті дайындаған Мейір ЖАСЫН

ЖАМБЫЛДАҒЫ АЛАМАН

Тараз қаласында «AMANAT» партиясының қолдауымен Жамбыл облысының әкімдігі Жамбыл Жабаевтың 179 жылдығына орай «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым!» республикалық ақындар айтысын ұйымдастырды.

Сөз барымтасына Мұхтар Ниязов, Жансая Мусина, Рүстем Қайыртай, Батыржан Кәдірбай, Қалижан Білдәш, Шұғайып Сезімхан, Нұрзат Қару, Серік Қуанған, Рауан Қайдар, Мұхтар Қонарбай, Әсет Дүйсебаев, Нұрлыбек Құрманов, Рай Дөңбай сынды аузы дуалы ақындар қатысты.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында ұйымдастырылған аламан айтыста ақындар елдің жайын жырлап, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтады. Сондай-ақ қоғамдағы түрлі оқиға мен елдік мәселелерді арқау етіп, сөз сайысының көрігін қыздырды.

Осылайша, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, айтыс өнерінің жанашыры Жүрсін Ерман бастап, Айтмұханбет Исақов, Жасұлан Әбдіхалық, Ахметжан Өзбеков, Роза Мұқанова, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жанарбек Әшімжан сынды азаматтар қостаған қазылар алқасының құрамы жыр додасының әділ бағасын берді.

Нәтижесінде, бас жүлдені Серік Қуанған (Шығыс Қазақстан облысы) еншіледі. Ал 1-орынға Мұхтар Ниязов (Қызылорда облысы) лайық деп танылды. Бұл ретте 2-орынды Жансая Мусина (Батыс Қазақстан облысы) қанжығасына байлады. Осы орайда 3-орынды Мұхтар Қонарбаев (Астана қаласы) иеленді.

Бұдан бөлек, Әсет Дүйсебаевқа (Жамбыл облысы) – «Ұлбике ақын», Рүстем Қайыртайға (Абай облысы) – «Кенен Әзірбаев», Шұғайып Сезімханға (Алматы) – «Бауыржан Момышұлы» және Рауан Қайдарға (Павлодар облысы) – «Әзімбек Жанқұлиев» атындағы арнайы жүлделер табысталды.

Өз кезегінде, айтыс тізгінін ұстаған Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, ақын Аманжол Әлтай дәстүрлі доданың жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

«Бұл айтыста ұлан-ғайыр даламыздың төрт құбыласын түгендеп, еліміздің түкпір-түкпірінен келген айтулы ақындар бас қосты. Айтыс – қазақ халқының ұлттық ерекшелігін айқындайтын бекзат өнер. Топқа түскен ақындар Жамбыл атамыздың болмысын жырлап қана қоймай, қоғамдағы күрделі мәселелерді де қозғап, көзіқарақты көрерменнің көңілінен шыққан орамды ой айта білді», – деді Аманжол Әлтай.

Ал Шығыс Қазақстан облысының намысын қорғап, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан Серік Қуанған айтыстың жоғары деңгейде өткізілгенін тілге тиек етіп, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

«Халықтың көкейінде жүрген мәселелерді қозғауға тырыстық. Қарсыластарым да осал болған жоқ. Кілең «сен тұр, мен атайын» деген мықтылар жиналды. Сонысымен де Жамбыл атамызға арналған жыр додасы аса тартысты өтті. Ұйымдастырушыларға шынайы ризашылығымды білдіремін», – деді ол.

Өз кезегінде, Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров барша ақынға алғысын айтып, жыр додасы алдағы жылы да жалғасатынын жеткізді.

Атырау облысы Махамбет ауданы Сарытоғай ауылында 200 орындық мәдениет үйі салтанатты түрде ашылды. Бұл нысан ауыл тұрғындары үшін мәдени және рухани даму орталығы болмақ.

МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ

Іс-шараға Атырау облысы әкімінің орынбасары Дарын Шамұратов, Махамбет ауданының әкімі Қайрат Нұрлыбаев, «AMANAT» партиясы Махамбет аудандық филиалының атқарушы хатшысы Руслан Әженов, мекеме басшылары, ардагерлер мен ауыл тұрғындары қатысты.

Бүгінге дейін ауыл тұрғындары Кеңес Одағы кезінде тұрғызылып, тозығы жеткен ескі клубта бас қосатын. Осыдан 8 жыл бұрын басталған жаңа мәдениет үйінің құрылысы 2 мердігер мекеменің жауапсыздығы салдарынан аяқталмай қалған болатын.

Бұл мәселе «AMANAT» партиясы Махамбет аудандық филиалының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасына енгізілгеннен кейін шешімін тапты.

Партияның Атырау облыстық филиалының қолдауымен жергілікті мәслихат депутаттары, фракция мүшелері, партиялық бақылау комитетінің зерделеу жұмыстары, сондай-ақ Мәжіліс депутаттарының тұрақты бақылау нәтижесінде үшінші мердігер компания «ГрандМастер» ЖШС жұмысты толық аяқтап, нысанды ел игілігіне тапсырды.

Онда 200 орындық көрме залы, заманауи аудио-видео жүйелерімен жабдықталған кәсіби сахна, мәдени шараларға қажетті техникалық мүмкіндіктің бәрі бар.

«Бұл мәдениет үйінің ашылуы – Сарытоғай ауылының тұрғындары үшін үлкен қуаныш. Жастардың шығармашылықпен айналысуына, түрлі мәдени шараның өткізілуіне енді толық мүмкіндік бар. Бұл – тек бір ғимараттың іске қосылуы емес, ауылдың мәдени өрлеуінің жаңа кезеңі», – деді Атырау облысы әкімінің орынбасары Дарын Шамұратов.

Нысанның салтанатты ашылуында ауыл ардагерлері Ләтипа Жолдасова мен Уәли Жұмабаев лентаны қиып, «ГрандМастер» ЖШС өкілі мәдениет үйінің кілтін Сарытоғай ауылдық мәдениет үйінің басшысы Рысқали Жұмабаевқа табыстады.

Сарытоғай ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Уәли Рахымжанов ауыл халқының атынан «AMANAT» партиясына, жергілікті билік өкілдеріне және барлық жауапты тұлғаларға алғыс білдіріп, көп жылдан бері аяқталмай келген нысанның халық игілігіне берілгеніне ризашылығын жеткізді.

Жиын барысында ауыл тұрғындары жаңа мәдениет үйінің ішкі жабдықталуымен танысып, шығармашылық ұжымдардың дайындаған концерттік бағдарламасын тамашалады.

Бүгінде Махамбет ауданында 11 мәдениет үйі, бір ауылдық клуб және 12 кітапхана халыққа қызмет көрсетуде. Былтыр 500-ден астам мәдени іс-шара өтті. Сонымен қатар ауданда 1 300 жас дарын 80 шақты үйірмеге қатысып, өз қабілеттерін шыңдауда.

Ә. САМАТҰЛЫ

КЕРЕК АҒАШТЫ КЕСЕ БЕРМЕ

Халқымызда «Бір тал кессең, он тал ек» деген қанатты сөз бар. Өңірлерде тал егіп, экологияны жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен осы іске немқұрайды қарап, табиғатқа зиян келтіретін азаматтар әлі де кездеседі.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Жақында ғана қарағандылық PROF INVEST компаниясының 2 жылға жалғасқан соты аяқталды. Жоғарғы Сот «Олар қала ішінде 7 200 ағаш отырғызуы керек» деген шешім шығарды. Сонымен қатар мемлекет қазынасына 17 млн 356 мың теңге өтемақы төлеуі керек.

Бұл алғашқы шешім емес, осыған дейін Қарағандыда екінші инстанция соты бұған дейін ағашты кесу туралы шешім шығарған болатын. Осылайша, 144 ағашты жойған PROF INVEST компаниясы небәрі 7 200 жасыл алқап отырғызуға тиіс еді. Бірақ әзірлеушілер бірнеше миллион теңге айыппұлдан босатылды. Сондықтан қала белсенділері Жоғарғы Сотқа шағымданды.

Жоғарғы Сот белсенділердің өтінішін қанағаттандырды.

Сотқа ұсынылған құжаттар құрылыс компаниясының рұқсат құжаттарын алмас бұрын учаскедегі ағаштарды кескенін көрсетеді.

Алдын ала мәліметтер бойынша құрылыс салушы Сарыарқа даңғылының бойындағы Тәттімбет көшесінен Республика даңғылына дейінгі учаскеге 7 200 түп ағаш отырғызуы керек.

Айта кетейік, бұл 176 ағашты кесуге әкімдік рұқсат берген. Биыл өтемақы ретінде кәсіпкерлер 1 760 көшет отырғызуға тиіс.

Дегенмен қанша көшет ексе де, оны дер кезінде суарып, күтпесе ертең жерсінбеуі де мүмкін. Бұл орайда Қазыбек

би ауданы әкімдігінің бөлім басшысы Нариман Итқарин мұндай фактілер расталса, немқұрайдылық пен әлеуметтік жауапсыздық танытқан кәсіпорындар сотқа тартылатынын айтады.

– Тал биыл көктемде егілсе, келесі көктемде тамыр жайды ма, жоқ па, барып көреміз. Біз әр ағашты тексереміз. Егер олар тамыр алмаса, біз жаңа акт жасап, хат жібереміз. Талапты орындамаған жағдайда қайта сотқа жүгінеміз, – дейді Нариман Итқарин.

Жайқалып өскен талды кескендер ғана емес, сол ағашты сындырғандар да жауапқа тартылуда. Соның бір мысалы «Гидро құрылыс» ЖШС жұмысшылары Бұқпа өзенін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде абайсызда ағаштардың бұтақтарын сындырып алған. Олар енді өтем ретінде тал егу жұмыстарын жүргізеді.

Мердігер компания өз кезегінде барлық бұзушылық түзетілетінін айтып ақталды.

Тағы бір оқиға Қарағанөзек станциясында тіркелді. Мұнда жаңа мектеп салу үшін 300 орындық жергілікті оқу орны бұзылған болатын. Алайда дәл осы аумақта көптеген ағаш кесіліп, бұл қала тұрғындарының ерекше наразылығын тудырды.

– Мұнда бұрын 300 орындық мектеп болған, ол сонау кеңес кезінде салынған. Мектеп бір-екі жыл бұрын бұзылды, орнына жаңасын салмақшы. Бірақ бір кездері қарағаш егілген жерде қазір кесілген ағаш жатыр. Бұрын бұл жерде нағыз саябақ болатын. Шынымен де, мектеп салуға жеріміз аз ба? Ағашты кеспей, тамырымен жұлып алса да болмас па еді? Бұған не кедергі болды? – дейді осы елді мекен тұрғыны Арман Хасен.

> **Алдын ала мәліметтер бойынша құрылыс салушы Сарыарқа даңғылының бойындағы Тәттімбет көшесінен Республика даңғылына дейінгі учаскеге 7 200 түп ағаш отырғызуы керек.**

Білім басқармасы бұл жерде шынымен де мектеп салынатынын айтады. Бұрынғы мектеп 1948 жылы салынғандықтан, тозығы жетті деген ұйғарымен 2022 жылы қауіпті деп танылған.

«Мектеп дәл уақытында қауіпті деп танылды: ғимараттың құрылымы өте тозған және ол кез келген сәтте құлап кетуі мүмкін. Кейіннен демонтаждау шаралары жүргізілді. Жасыл алқаптарды кесуге келсек, мұнда өтемдік көшеттерді отырғызу қарастырылған, Қазыбек би ауданы әкімдігінің рұқсаты алынғандықтан, ағаштарды кесу жұмыстары келісілген. «Болашақ мектеп заманауи үлгідегі ғимаратқа ие болады», – деп бөлісті білім басқармасы.

Құрылыс басқармасы бұл аумақта 250 ағашты кесуге тура келгенін айтады.

Жоғарыда айтылған PROF INVEST компаниясымен сот жүріп жатқанда Қарағандыда Республика даңғылында тағы бір бизнес орталығының құрылысы үшін 30-ға жуық ағаш кесілді. Шағын саябақ көпқабатты үйлердің алдындағы бос жерді безендіріп, серуендеу орны болған.

Мердігерлер бизнес орталықты жыл соңында ашуды жоспарлап отыр. Әзірлеуші кез келген белгіленген жерге көктемде жаңа ағаштарды отырғызуға уәде береді.

Дегенмен де, қоғам белсендісі Бақтияр Омарханов бұл жерде ондаған жыл бойы өсіп тұрған ағаштарды кесуден бұрын жоспар жасалу керек еді деп есептейді.

– Өкінішке қарай, қаламызда заңсыз тал кесу азаймай тұр. Талай рет өтініш жасадық, сұрадық, талап еттік, қолдан келгеннің бәрін істедік, бірақ бізден жасырып әлек, – дейді.

Кесілген ағаштардың орнына компания өкілі Марат Қажыбеков 280 жас көшет отырғызамыз деп отыр. Сондай-ақ ол ағаштарға күтім жасалатынын айтып, сендірді.

– Біз жасыл қорды сақтауға бар күшімізді салып жатырмыз. Барлық қажетті шараны орындаймыз: суару, кесу. Біз бұл процедураны компания ретінде өзіміз жасаймыз, – дейді Марат Қажыбеков.

Иә, қалада өсіп тұрған талды кесу – заңбұзушылық. Оған айып та салынады. Орнына басқасын екі еселеп егесіз. Сонда да осындай келеңсіздікке барып жатқандар да баршылық екені қынжылтады.

НАРЫҚ

4 НАУРЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАППАЙ ҚҰБЫЛЫСҚА АЙНАЛМАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Кәмила ДҮЙСЕН

Дегенмен қазірдің өзінде отандық еңбек нарығында білікті кадрлардың тапшылығы байқалады, ал болашақта бұл қажеттілік одан әрі арта түспек. Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, қазірдің өзінде инженерлер, техникалық мамандар, агрономдар мен ветеринарларға сұраныс жоғары, ал 2030 жылға қарай ел экономикасына қосымша 1,6 миллион маман қажет болады. Алайда бұл сұранысты қанағаттандыру оңай емес – қазір Қазақстанға орта техникалық білімі бар 900 мыңға жуық маман жетіспейді, ал жоғары оқу орындары түлектеріне деген сұраныс 430 мың адамды құрайды.

Құрылыс, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі және көлік салаларында мамандарға деген сұраныс аса жоғары. Алайда өндірістік жарақаттар мен қауіпсіздік мәселелері де өзекті болып отыр. Өкінішке қарай, соңғы үш жылда өндірістік жазатайым оқиғалардың саны едәуір артқан, әсіресе Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Ұлытау облыстарында. Осыған байланысты жұмыс берушілердің жауапкершілігін күшейту мен заңнаманың сақталуын бақылау қажеттігі мінберлерден жиі айтыла бастады.

Сонымен қатар соңғы уақытта жасанды интеллекттің еңбек нарығының құрылымына ықпалы айтарлықтай сезіле бастады. Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаевтың айтуынша, соңғы он жылда техникалық және кәсіптік білім алған қызметкерлердің үлесі 49%-ға жетіп, айтарлықтай өсім көрсеткен. Жұмысшы мамандықтарының ішінде ең жоғары жалақы өнеркәсіп саласында – 588 мың теңге, қаржы саласында – 531 мың теңге, ал көлік саласында 403 мың теңге көлемінде белгіленген. Алдағы жылдары еңбек нарығына 1,8 миллион жас қазақстандық қосылады, олардың басым бөлігі техникалық мамандықтарды меңгермек.

Бірақ еңбек нарығының болашағы тек кадр тапшылығымен шектелмейді. Жасанды интеллекттің дамуы кейбір мамандықтарға деген сұранысты азайтып, еңбек ресурстарының құрылымын өзгертіп жатыр. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова жасанды интеллекттің еңбек нарығына ықпалын зерттеу нәтижелерімен бөлісті. Оған сәйкес, шамамен 29% қызмет түрі өзектілігін жоғалтпақ, ал жұмысшы мамандықтарының қысқаруы 13%-ды құрайды. Бұл, әсіресе медицина, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және қаржы салаларында байқалады.

Кеше Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева кулуарда жасанды интеллект қазақстандықтарды жұмыстан айырмайды, өйткені қысқарған жұмыс орындарының орнына жаңа мамандықтар пайда болады деген пікірімен бөліскен болатын. «Олар қоғамның жаңа даму парадигмасына сәйкес қалыптасады. Бізге қажет жалғыз нәрсе – бұл қайта даярлау, қайта оқыту. Барлығымыз өмір бойы оқуға дайын болуымыз керек. Қайта оқытуға келсек, жұмыс берушілер болашақты ойлауы қажет. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау да маңызды – жұмыспен қамту бағдарламалары жаңа жағдайға бейімделуі керек. Белгілі бір деңгейде тегін курстардың қолжетімділігі қамтамасыз етілуі тиіс. Бақытымызға орай, бүгінде әлемде мұндай жүйе бар: біз халықаралық ресурстарға қосылғанбыз, онда көптеген оқу бағдарламасы бар. Бірақ, әрине көп нәрсе біздің өзіміздің білім алуға дайындығымызға байланысты. Жалпы алғанда, бәрі осыған қарай бағытталып жатыр. Заманауи жасанды интеллект модельдері пайда болғанға дейін де цифрландыру бізді үнемі жаңа нәрселерді меңгеруге мәжбүр етті», – деді депутат.

Депутат айтқандай, ең бастысы – үнемі білім алып, жаңа дағдыларды меңгеруге дайын болу. Бұл тек IT саласына қатысты емес. Кез келген мамандықта технологиямен жұмыс істей білу маңызды болмақ. Мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер сияқты мамандықтар әрқашан сұраныста қалады, бірақ олар да технологиялық өзгерістерге бейімделуі тиіс.

Оның ойынша, жасанды интеллект ең алдымен операциялық міндеттерге байланысты мамандықтарға әсер етуі мүмкін: операторлар, курьерлік жеткізу қызметтері. Алайда мұғалімдер мен дәрігерлер сияқты әлеуметтік мамандықтар сұранысқа ие болып қала береді. Сондай-ақ депутат қайта оқыту міндетті түрде бағдарламалау немесе IT саласы дегенді білдірмейді деген көзқарасымен бөлісті.

«Адам өз саласында қалып, жасанды интеллект алмастыра алмайтын бағытқа ауыса алады. Бәріне бірдей бағдарламашы болудың қажеті жоқ. Қайта оқып жатқан адамдар көбіне өз мамандықтарының шеңберінде қалады, бірақ қосымша немесе автоматтандырудан азырақ зардап шегетін міндеттерді меңгереді. Әрине, жасына немесе денсаулығына байланысты бейімделе алмайтын адамдар үшін әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылады. Бірақ бұл жаппай құбылысқа айналады деп ойламаймын», – деді Смышляева.

Ал Гарвард экономистері Дэвид Деминг пен Лоуренс Саммер өз зерттеулерінде жасанды интеллекттің пайда болуы жұмыс орындарын қысқартпайды, тек жұмысшыларға қойылатын талаптарды өзгертеді деген қорытынды жасайды. Мұндай технологиялар қоғамды әрқашан алаңдататыны рас. Өйткені олар кенеттен жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Тіпті, сарапшылар арасында жасанды интеллект – бұл осындай технологиялық революциялардың соңғысы және супер-интеллектуалды компьютерлердің жұмыс орындарында кең таралуы адамды қажетсіз етеді деген пікірталас бар. Алайда Гарвард экономистері өз зерттеуінде бұл долбарды жоққа шығарып отыр. Олардың пікірінше, ЖИ әсері көптеген сыншы аландайтындай қауіпті емес, керісінше, қызықты детальдарға толы. Экономистер «кәсіптер айналымын», яғни әртүрлі кәсіп уақыт өте келе еңбек нарығын қалай өзгертетінін зерттейді. Ғалымдардың пікірінше, жасанды интеллекттің дамуы электр қуаты немесе жұмыс үстелінің пайда болуы сияқты адамдардың жұмысын жеңілдетуге қабілетті үлкен күшке ие.

Сонымен қатар халықаралық NBER (National bureau of economic research) ұйымының экономистері де жасанды интеллекттің еңбек нарығына, жұмыспен қамту деңгейіне және жалақыға әсерін талдаған. Авторлар ЖИ-дің әсері біржақты емес деген қорытындыға келеді. Біріншіден, ол автоматтандыруға бейім мамандықтардағы жұмыс күшін ығыстырса, екінші жағынан, ЖИ енгізген компаниялардың өнімділігі артып, жалпы жұмыспен қамту көрсеткішінің өсуіне ықпал етеді.

Бұған дейінгі технологиялық өзгерістер негізінен төмен және орта білікті мамандықтарға әсер еткен болатын. Ал ЖИ бірінші кезекте «ақ жағалыларға», яғни кеңсе қызметкерлері, әсіресе қаржы, бухгалтерия, инженерия және бизнес-талдау салаларында жұмыс істейтіндерге ықпал етеді. Сонымен қатар STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) саласындағы мамандарға сұраныс артып келеді.

«Ұзақмерзімді перспективада компаниялар кадрлық саясаттарын қайта қарап, қызметкерлерін қайта оқытуға инвестиция салу арқылы жаңа жағдайларға бейімделуі керек. Жасанды интеллект еңбек нарығын өзгертіп жатыр, бірақ бұл өзгерістер тек жұмыс орындарын қысқартады деген сөз емес, бұл фирмалардың жаңа технологияларды қалай қолдана алатынына байланысты» деп қорытындылайды ғалымдар.

Болашақ еңбек нарығы өзгерістерге тез бейімделе алатын, технологиямен жұмыс істеуді меңгерген, көпсалалы білім мен дағдыға ие мамандардың алаңы болмақ. Сондықтан мемлекет, бизнес және білім беру жүйесі бірлесе отырып, жаңа заман талаптарына сай кадрларды даярлау мен қайта оқыту мәселесін басты назарға алуға тиіс.

КӨЛЕҢКЕЛІ БИЗНЕС КӨСЕГЕНІ КӨГЕРТПЕЙДІ

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Ақпарат құралдарының өкілдері: «ҚҚС межесін бұлай төмендету шағын және орта бизнестің күйреуіне соқтырмай ма?», – деп сұрады. Экономика министрінің бірінші орынбасары ҚҚС төменгі межесінің үлкен болуы бизнеске толыққанды салық төлеуден жалтаруға мүмкіндік бергенін нұсқады. Табысы 78,6 миллион теңгеден асып кетпеу үшін супер-гипер маркеттер, өзге сауда орындары сатып алушыларының тауарларын екіге бөліп, екі түрлі компанияның чегін береді. Тіпті, әрбір касса әртүрлі заңды тұлғаның атынан чек басатын тәжірибе болыпты.

Экономика ведомствосының тұжырымдауынша, ҚҚС төлеуші есебіне қоюдың табалдырығын 15 млн теңгеге дейін төмендетсе, бизнесті бұлай бөлшектеуден мән қалмайды.

– 15 миллион теңге – бөлшектеуді экономикалық тұрғыдан орынсыз ететін табалдырық. Салық кодексінің жаңа жобасында аталған өзгерістерді қарастырғанда да осыны көздеп отырмыз. Онсыз бізде қазір не болып жатыр? Төменгі меже – 78 миллион теңге. Табысы 500 миллионнан 1 миллиард теңгеге дейін баратын орта кәсіпкер ҚҚС төлеушіге айналмау үшін бизнесін 78,6 миллиондық айналымы бар шағын субъектілерге бөліп тастайды. Сөйтіп, орта кәсіпкерлер өз атына 12-15 компанияға дейін тіркейтінді шығарды. Осы арқылы ҚҚС төлеуден құтылады. Шынында, орта бизнес салығын толық төлеуге міндетті, – деді А.Әмрин.

Оның түсіндіруінше, аталған табалдырық 15 миллион теңгеге дейін (5 еседен астамға) төмендетілсе, кәсіпкерлерге қазіргіден бірнеше есе көп жаңа компания тіркетуге тура келеді. Егер орта кәсіпкердің атында қазіргідей 15 емес, 5 еседей көп, айталық, 75 компания тіркелсе, ол құзырлы органдардың қырағы назарына ілігеді. Мұның сыртында қаптаған компания бизнесменнің әкімшілік шығысын еселеп арттырады.

Ол әрбір компаниясының қаржылық-бухгалтерлік, салықтық-фискалдық есептемелерін жүргізу үшін есепшілерге жекежеке төлейді. Компанияның табысы әрі қарай өскен сайын жаңа компаниялар құруға тура келмек. Мәселен, табалдырық 15 млн теңгеге дейін түсірілген жағдайда орта бизнестің табысы 1 миллиард теңгеге жетсе, ҚҚС төлеушілер тізіміне кірмеу үшін ол компанияны 67 ұсақ компанияға бөліп тастауға мәжбүрленеді.

– Нәтижесінде, бір бизнесті бұлайша бөлшектеу экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып қалады. Оңайы – тиісті салықтарды тегіс төле де, ары қарай өс, өркен жай! Біз ҚҚС межесін өзгерту арқылы керісінше, орта бизнесті көлеңкелі экономикадан күнгейге тықсырып шығарамыз. Себебі қазір олар тоқтаусыз бөлшектену арқылы көлеңкеде жүр. Сол арқылы бөлшектенбей, қалыпты жұмыс істейтіндерге адал емес бәсеке құрады, – деді экономика бірінші вице-министрі.

САЛЫҚ ТҮЗЕЛМЕСЕ, ЭКОНОМИКА КҮЙЗЕЛЕДІ

Өткен аптада Мәжіліс жаңа Салық кодексіне түзетулерді жұмысқа қабылдап алған болатын. Бұл түзетулерге сәйкес, ҚҚС бойынша тіркеу есебіне міндетті қоюға арналған төменгі шек 20 мың АЕК-тен 3,8 мың АЕК-ке дейін азайтылмақ. Сонымен бірге ҚҚС мөлшерлемесі қазіргі 12%-дан 16%-ға дейін ұлғайтылады. Соның ішінде жекелеген салалар үшін 10%-дық төмендетілген мөлшерлеме бекітіледі. Бұдан бөлек, оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын бизнес субъектілерінің саны шектеледі – бұл игілік енді тек B2C (ақырғы тұтынушылармен тікелей жұмыс істейтін бизнес) сегменті үшін қолжетімді болады.

Алайда Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Б.Бейсенғалиевтің сауалына жауап берген Үкімет басшысы ҚҚС-тің көлеңкелі экономикамен күреске қатысы жоғын нықтады.

– Фискалдық саясатты реформалау қажеттігі әлдеқашан пісіп-жетілді. Ақша-кредит саясаты мен фискалдық саясат арасындағы теңгерімнің болмауы мемлекеттік қаржы саласына да, отандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігіне де, азаматтардың әлеуметтік қанағаттануына да, мемлекеттің өршіл міндеттерді шешу қабілетіне де кері әсер етті. Осыған байланысты Үкіметтің кеңейтілген отырысында бір жағынан, ҚҚС ставкасын көтеру, екінші жағынан, ҚҚС бойынша шекті төмендету ұсынылды, – деді Олжас Бектенов.

Ол сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ететін тетіктер қалмай бара жатқанын ашық айтты. Премьердің пайымдауынша, қалыптасқан күрделі ахуалдың шешуші себептерінің бірі – даму бюджетінің жеткіліксіз деңгейі. Ол өз кезегінде салықтың жете жиналмауымен байланысты екен. Елдің жиынтықты бюджетіне түсетін салықтардың көлемі ЖІӨ-ге шаққанда 20%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш дамыған елдерде 40%-дан асады. Бірақ ҚҚС-ке қатысты барлық өзгеріс көлеңкелі экономиканың азаюына серпін бермеуі мүмкіндігін Үкімет жетекшісі жасырмады.

– ҚҚС мөлшерлемесінің өзгеруіне, сондай-ақ көлеңкелі экономиканың деңгейіне қатысты ретроспективті талдау жүргізілді. Талдау қорытындысы көрсеткендей, ҚҚС ставкасының өзгеруінің көлеңкелі экономика деңгейімен тікелей байланысы жоқ. Тарата айтқанда, Қазақстанда 2006 жылы ҚҚС ставкасы жоғарғы 15%-ды құрағанда, көлеңкелі экономиканың ЖІӨ-ге шаққандағы үлесі де жоғарғы 19,8%-ға жетті. Кейінгі жылдары ҚҚС кезең-кезеңмен 12%-ға дейін төмендеді. 2022 жылы саудадағы көлеңкелі экономиканың көлемі ЖІӨ-ге шаққанда 3,1% болды. Бүгінде ҚҚС ставкасының төмен, 12% болып қалғанына қарамастан, Қазақстандағы көлеңкелі экономика деңгейі ЖІӨ-ге шаққанда қайтадан 18,8%-ға дейін ұлғайды. Бұл жоғарғы ҚҚС мөлшерлемесіне ие Еуропа елдеріндегіден де көп, – деді О.Бектенов.

Яғни, ҚҚС пен көлеңкелі экономика әр басқа траекторияда дамиды. Соңғысына онымен күресушілердің пәрменді іс-әрекеті, тиімді, тегеурінді тетіктер және басқа факторлар ықпал етеді. Мысалы, Германияда ҚҚС – 19%, көлеңкелі экономиканың ЖІӨ-ге шаққандағы үлесі – шамамен 10%. Ұлыбританияда ҚҚС – 20%, көлеңкелі экономика деңгейі – 11%. Венгрияда ҚҚС – 27%, көлеңкелі экономикасы Қазақстанның көрсеткішіне жетеғабыл. Осыған қарап, Үкімет басшысы көлеңкелі экономика мен ҚҚС мөлшерлемесі арасында тікелей байланыс жоқ деген тоқтамға келді.

КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУДІҢ ЖОЛДАРЫ БАР

Десек те, Премьер ҚҚС-ті арттырудың көлеңкелі экономикамен күреске жанама әсері болатынын жеткізді. Біріншіден, бизнес, әсіресе экспорттаушылар жеткізілімдер тізбегінің ашық болуына көбірек мүдделі болады. ҚҚС мөлшерлемесінің өсуі есепке жатқызуға болатын салық сомасын ұлғайтады.

Екіншіден, есепті автоматтандыруға қызығушылық артады. ҚҚС ставкасы өскенде компаниялар қателіктерді азайту үшін цифрлық құралдарды белсенді түрде енгізе алады, өйткені мұндай қателіктер құны қазіргіден де қымбатқа түседі. Үшіншіден, салық органдарында салықтық әкімшілендіруді жақсартуға деген қозғаустимул пайда болады. О.Бектеновтің пікірінше, ҚҚС жоғары болған сайын шаралар тиімдірек болады. Сондықтан ҚҚС арттыру, салықтық әкімшілендіруді жақсарту және заңды бизнесті қолдау шаралары қатар қабылданады.

– Нәтижесінде, нарықтың барлық қатысушысы үшін тең жағдай қамтамасыз етіледі, ал салықтан жалтару схемалары тиімсіз болып қалады. Салықтық түсімдер жыл сайын 4-5 трлн теңгеге өседі деп күтіледі. Осы қаражат бюджеттің Ұлттық қорға тәуелділігін азайтуға, мемлекеттік борышты төмендетуге, инфрақұрылым, агроөнеркәсіп кешені, өңдеу өнеркәсібі мен қорғанысты дамытуға қосымша ресурс бағыттауға көмектеседі, – деді Үкімет басшысы О.Бектенов.

BCG сарапшылары көлеңкелі экономиканың өсуіне ықпал ететін бірнеше факторды атады. Оның арасында ҚҚС жоқ. Аналитиктер елдің экономикалық даму деңгейін ең басты фактор санайды. Ел неғұрлым бай болса, заң бұзуға, заңсыз экономикалық қызметке қатысуға құлшынатын адамдардың саны да аз болады. Сондықтан Үкіметтің халықтың әл-ауқатын арттыруы маңызды. Сондай-ақ экономиканың тиімді жұмыс істеуі, құзырлы, бақылаушы институттардың қаншалықты дамығаны, бизнес процестердің айқындығы және басқа да факторлар көлеңкелі экономика көлемін анықтайды.

Коррупциямен, контрабандамен, жалпы қылмыспен тиімді күрес те сүбелі үлес қосады. BCG тұжырымдауынша, халық биліктің адалдығына, мемлекеттің өзіне қайырымдылығына сенбесе, тиісті рұқсатсыз бизнес немесе кәсіптік қызмет жүргізу, салық салудан жалтару сияқты заңсыз схемаларды көбірек қолданады.

«AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Мархабат Жайымбетов Қазақстанда 3 жыл ішінде көлеңкелі экономиканың үлесін 27%-дан 20%-ға дейін қысқарту нәтижесінде бюджетке 2 трлн теңге қосымша кіріс түскенін айтады.

«Ал біз білмейтін, ресми статистиканың назарынан тыс қалатын қызмет түрлері қаншама? Бір заң жобасын зерделеу кезінде келеңсіз жайтқа тап болдым. Елімізде көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясатты қалыптастыруға және басқа ведомстволарды үйлестіруге жауапты мемлекеттік орган жоқ болып шықты: әр мемлекеттік орган бір-біріне сілтейді! Олар өз құзыреті шегінде ғана шаралар қабылдайды, бірақ құзыретті нақты бөлетін, жауап беретін тұтас жүйе жоқ», – деді депутат.

Ол бір мысал келтірді. Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, Орталық Азия елдерінің азаматтары Қазақстанда 3 жыл ішінде 136 млрд теңге табыс тапқан. Алайда Ұлттық банктің ақпаратынша, осы кезеңде олар Отанына 1 триллион теңге аударған. Ендеше құзырлы органдар қалғи бермей, білек түріп, майшаммен қараса, бюджеттің кірісін толтыруға мүмкіншілігі жетіп артылады.

Сарапшылардың түсіндіруінше, ҚҚС-пен шектелмей, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясатты қалыптастырып, үйлестіріп жүргізетін бір мемлекеттік органды анықтау қажет. Жалған мәмілеге қарсы тұру үшін тауарды жеткізу тізбегінде ҚҚС пен құжаттар қатар қадағаланатын нақты бір цифрландырылған жүйе құру керек. Бұдан өзге, экономикадағы қолма-қол есеп айырысуларды ары қарай барынша азайтқан маңызды. Оған әртүрлі игілік, мысалы бонустар мен кэшбектер ұсыну арқылы қол жеткізуге болады.

ҚОҒАМ

4 НАУРЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІМІЗДІҢ НЫШАНЫ

Астана қаласында халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының VIII құрылтайы өтті. Құрылтай отырысына Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы, Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, «QAZAQSTAN» РТРК» АҚ Басқарма төрайымы Ләззат Танысбай, Мәжіліс депутаты Айдос Сарым, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев және тіл жанашырлары қатысты.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Келелі жиында қоғамның 2023-2024 жылдары атқарған жұмыстары қорытындыланып, алдағы кезеңнің басым бағыттары белгіленді. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, ұйымның жұмысы мен басқару тетіктерін жетілдіру және ана тілімізді ғылымның, жасанды интеллектінің, технологияның тіліне айналдыру сынды мәселелер қаралды.

Мемлекеттік кеңесші съезге қатысушыларға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Президент жиынға қатысушыларға арнаған құттықтау хатында, «Қадірлі қауым! Баршаңызды халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының VIII құрылтайының ашылуымен құттықтаймын. Бұл – тіл жанашырларының басын қосатын айрықша маңызды жиын. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мемлекеттік тілдің тұғырын нығайтуға және ұлт руханиятын өркендетуге өлшеусіз үлес қосып келеді. Соңғы жылдары оның жұмысы жандана түсті. Ұйымның бастамасымен қазақ тілін дамыту жолында көптеген ауқымды іс-шара жүзеге асырылып жатыр. Сіздердің жасампаз жобаларыңыз ана тіліміздің қолдану аясын кеңейтуге зор ықпал етіп отыр. Қазақ тілі – ұлттық бірегейлігіміздің нышаны. Ел бірлігін нығайта түсетін басты құндылығымыз. Оны білім мен ғылымның ғана емес, бизнес пен технология тіліне айналдыру негізгі міндеттің бірі. Мемлекеттік тілді құрметтеп, кеңінен насихаттау –Қазақстанның әрбір азаматының қастерлі парызы. Осы орайда қоғамның қызметіне белсене атсалысып жүрген жанашыр жандарға шынайы ризашылық білдіремін. Бүгінгі басқосуда тың бастамалар көтеріліп, салиқалы ой-пікірлер айтылады деп сенемін. Құрылтайдың жұмысы жемісті болсын!» деп алғысын білдірген екен.

Мемлекеттік кеңесші өз сөзінде маңызды жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қазақ тілін барынша насихаттаудың және оның қолданылу аясын кеңейтудің маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ қазір қазақ тіліндегі цифрлық контенттерді көбейтуге, білім беру жүйесін әдістемелік тұрғыдан қолдауға және IT саласындағы жетістіктерді тіл мәселесін шешу үшін тиімді пайдалануға ерекше мән беріліп жатқанын жеткізді.

Ал халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы:

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бұған дейінгі құрылтайы 2023 жылдың жазында өтті. 2024 жылға жасақталған іс-қимыл жоспары толықтай дерлік орындалды. Жалпы саны қырыққа тарта республикалық және халықаралық деңгейдегі шаралар өтті. Бірқатар ауыз толтырып айтарлық ауқымды жоба іске асты.

Қоғамның ұзақмерзімді тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Qazaq Tili Endowment қоры құрылып, оған алғашқы болып Мемлекет басшысы қолдау көрсетті. Соның арқасында бұл бастаманы ірі кәсіпкерлер мен компаниялар қолдап, қазір қорға 500 миллион теңгеге тарта қаржы жиналды. Эндаумент қорына келген қаражат жұмсалмайды. 2024 жылы қордың үстеме табысы 75 473 020 теңгені құрады. Нәтижесінде, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы тұңғыш рет қаржылық дербестік пен тұрақтылыққа қол жеткізді, – деді.

Тіл – тірі азға десек, оған да даму, жетілу және жоғалу тән. Мәселен, қазір дүниежүзінде 7 мыңнан астам тіл бар болса, соның ішінде үш мыңнан астам тіл жойылып кету қаупінің алдында тұрған көрінеді. Қуанарлағы, қазақ тілі бұл топқа кірмейді. 2024 жылы әлемде ең кең таралған тілдердің арасында Ана тіліміз 79-орынға тұрақтаған. Мемлекет тіліміздің замана үрдісімен етене дамуына халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының сіңірген еңбегі зор. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестік болып, 1989 жылы 22 қыркүйекте құрылып, алғаш «Тіл туралы» заң қабылдаған болатын. Содан бері мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру мақсатында үздіксіз қыруар шаруа атқарылды.

Мемлекеттік кеңесші сондай-ақ қазақ тілі былтыр әлемде кең таралған тілдердің арасында 79-орынға тұрақтағанын, бұл небәрі 20 миллион халқы бар мемлекет үшін зор көрсеткіш екенін айтты. Сонымен қатар қазір мемлекеттік тілде сөйлеу жастар арасында сәнге айналды. Оны үйренуге ынта білдіргендердің қарасы көбейіп келеді. Фильмдер, подкасттар түсірілуде. Интернет жобалар жүзеге асырылып жатыр деді.

Тіл тазалығын сақтау қоғамға тартымды және тағылымды контент ұсынуда БАҚ-тың рөлі зор екені белгілі. «QAZAQSTAN» РТРК» АҚ Басқарма төрайымы Ләззат Танысбайдың айтуынша, тек «Қазақстан» телерадиокорпорациясының өзі жылына қазақ тілінде 100 мың сағат видео және аудиоконтент өндіретінін, бұл контенттің барлығы күн сайын эфирден тыс, әлеуметтік желідегі 12 миллион 600 мың аудиторияға таратылады.

– Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринның бастамасымен «Алтын қорымыздағы» құнды дүниелер негізінде жуырда «Асыл мұра» атауымен үлкен аудиоальбомды жарыққа шығарып жатырмыз. Жинаққа барлығы 1 500 күй, жыр-терме, халық және халық композиторларының әндері, ертегі, бесік жыры, ретро әндер кіргізілді. Оның басым бөлігі бұрын шыққан топтамаларға енбеген, тек қорда тұрған құнды дүниелер. Мұндағы ең көне аудиошығарма 1925 жылы, яғни тура бір ғасыр уақыт бұрын жазылып алынған Әміре Қашаубевтың орындауындағы «Балқадиша» әні. Осы сияқты ұлттық мұрамызға, фольклорымызға қатысты біршама эксклюзив дүниелер жарыққа шыққалы тұр. «Асыл мұра» аудиожинағының ең негізгі ерекшелігі – ондағы шығармалар жинақтан бөлек, жастардың арасында танымал Spotify, Yandex Music, Apple Music сияқты 100-ден астам әлемдік музыкалық платформаға жүктеліп жатыр. Яғни, ұлттық мәдени мұрамыз әлем тыңдармандары үшін ашық, қолжетімді болады. Бұл жобаны қазақ тілінің дамуы үшін құнды деп айтуымыздың тағы бір себебі – 1 500 аудионы әлемдік музыкалық платформаларға жүктеу арқылы тіліміздің өзіне тән дыбыстық ерекшеліктерін, ырғақтық мәнерін жасанды интеллект жүйелеріне енгізуге, сол арқылы қазақ тілін жаңа технологиялық мүмкіндіктерге бейімдеуге ықпал ететін боламыз, – деді Ләззат Танысбай.

Тағы бір атап айта кетерлігі, «Кейбір заңнамалық актілерге мәдениет, білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылдануына байланысты қазір осы заңның аясында «Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры» мемлекеттік ақпараттық жүйесі жасалатын болады.

Мәжіліс депутаты Айдос Сарымның айтуынша, заңдарды қазақ тілінде жазу мәселесі қолға алына бастады, қазірдің өзінде үш заң қазақ тілінде жазылып, қабылданды.

– Бұрын қазақ тілін жоқтаушы едік, қазір керісінше, тілді өсіретін, дамытатын бағыттағы технократияға, прагматизмге негізделген жақсы идеялар айтылып жатыр. Мемлекет белгілі бір қаражат бөле алады, ұлттық білім жүйесін ұстай алады, ғылым жүйесін дамыта алады, тілдік аударма бағытына ақша бөле алады. Осының негізінде ғана тіл сақталады. Біз Еуроодақтан кейінгі екінші болып, біздің кеңістікте бірінші болып жасанды интеллект туралы екі заң жобасын Парламент жұмысына қабылдап жатырмыз.

Сот тілін, бизнес, қаржы тілін қазақша дамыту бағытында жұмыстар істеліп жатыр. Мәселе санда емес, сапада. Қазір елімізге ірі компаниялар келіп жатыр. Олар қазақ тілін тұтыну нарығын кеңейтуге үлес қосуда. Сонымен қатар гуглға, басқаларға да түрткі болды. Яндекс менеджерлері «Қазақстан біз үшін маңызды ел. Себебі Қазақстанға арнап жасаған бүкіл технологиялық және басқа да жаңалықтарымызды емін-еркін Өзбекстанға, Түркияға және басқа елдерге де енгізе аламыз. Себебі тілдері бір-біріне жақын», – дейді. Яғни, басқа нарықта да біздің әлеуетіміз артады.

XXI ғасырда дамуға мүмкіндігі бар елдер қатарында Қазақстан да бар. Мәселен, әлемде 30 шақты ел ғана Голливудтың қаржыландыруымен олардың өнімдерін қазақ тіліне аударып, ұсынуға мүмкіндік алып, тікелей келісімге келіп отыр, – деді Айдос Сарым.

Жиын барысында белгілі болғандай, тұңғыш рет 60 мыңға жуық сөзді қамтыған қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ тіліндегі Qazaq Oxford сөздігі жарық көріп, қазірдің өзінде 1,5 миллиард сөз бен сөз тіркесі ЖИ-ға орнатылайын деп жатқаны ана тіліміздің дамуына қосылған үлкен үлес екені сөзсіз.

P.S.

2023 жылы тіл саясатын дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды. Стратегиялық құжатта тіл саясатын жүргізуге қатысты түрлі шара қарастырылған. Бұған қоса, Үкімет жанынан Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі арнайы комиссия құрылды. Былтыр оның алғашқы жиыны өтіп, комиссия мүшелері заңдарды мемлекеттік тілде әзірлеуді, тіл мәдениетін одан әрі арттыруды және тіл капиталын дамытуды көздейтін тіл саясатын жүргізу мәселелерін қарастырды. Республикалық терминология комиссиясының жұмысы қайта жаңғырды. Бұл құрылым қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математика бағыттары бойынша жұмыс істейді.

МҰҒАЛІМ БОЛУ – БІР БАСҚА, «ҰСТАЗ» БОЛУҒА ТЕСТ КЕРЕК

Бүгінде оқу-ағарту саласында ауқымды өзгерістер болып жатыр. Әсіресе, министрлік кеңсесінен шыққан реформалар мұғалімдерге қойылатын талапты күшейтуде. Оның бастысы – ұстаздарды аттестаттаудан өткізу. Алайда осы тестілеу мұғалімдерді өсіре ме, әлде педагог деген мәртебелі мамандықты өшіре ме?

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жамбыл облыстық Білім басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, 2024 жылы 10 426 педагог аттестаттауға өтініш берген екен.

– Заң талаптарына сәйкес, 2024 жылдың сәуір-қазан айлары аралығында облыстың білім беру ұйымдарының педагогтері аттестаттаудан өтті. Нәтижесінде, 4 904 мұғалім «педагог-модератор», 2 800 ұстаз «педагог-сарапшы», 1 944 педагог «педагог-зерттеуші» біліктілік санаттарын иеленді. Сонымен қатар 30 жылдық еңбек өтілі бар 778 ұстаз біліктілік санатын растаса, зейнет демалысқа шығуына 4 жылдан аз қалған 284 педагогтің санаттары сақталынды. Бұған қоса, былтыр 6 125 педагог біліктіліктерін арттырды.

Осы тұста атап өтерлігі, 2025 жылдан бастап педагогтердің үздіксіз кәсіби даму ұлттық платформасы, яғни сала мамандарының кәсіби қызметі туралы деректерді жинауды және өңдеуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе енгізілгеннен кейін аттестаттау осы арқылы жүзеге асырылады. Нақтырақ тоқталсақ, аттестаттау процесін автоматтандыру, яғни педагогтің жеке құжаттары мен оның біліктілік деңгейін анықтап, қысқа мерзімде қорытындылайтын ақпараттық жүйеде тиісті материалдар жинақталады және талданады. Бұл адами факторды толығымен шектеп ғана қоймай, аттестаттау барысында объективтілік пен ашықтыққа жол ашады, – дейді баспасөз қызметі.

МҰҒАЛІМ БІЛІГІ БАЛМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

Иә, заман ағысымен жаңашылдыққа бет бұрғанымыз дұрыс-ақ. Алайда алдыңғы жылы Жамбылда 3 000 ұстаз тестілеуден өте алмағаны ойландырмай қоймайды. Сонда бұл тестілеу мұғалімдерге не беріп жатыр? Жылда соңы айқай-шуға ұласатын аттестаттаудың қажеті бар ма?

Ширек ғасырдан астам өмірін ұстаздыққа арнаған Қарлығаш Бекхожаеваның айтуынша, тестілеу мұғалімнің шынайы білімінің көрсеткіші бола алмайды екен.

– Бүгінде саны бар, сапасы жоқ реформалар мен пайдасы мен зияны белгісіз педагогика мен оқыту әдістемелі көбейіп кетті. Алайда сол тестілеудің сұрақтарының жауабын білмей-ақ күні кешеге дейін қаншама атақты ұстаздар дәріс беріп келді. Солар елге, тіпті әлемге танымал тұлғаларды да тәрбиеледі. Мұғалім ең әуелі – педагог. Педагог болғанда да батыстық үлгідегі емес, ұлттық болмыстағы жаңашыл ұстаз болып қалыптасуға тиіс. Өкінішке қарай, министрлік тарапынан дәл осы бағытта айқын мақсаттағы жанды жұмыстар жүргізілмей отыр. Жарайды, мұны «жемқорлықты жою үшін жасалып жатқан әрекет» деп қабылдайық. Бірақ осы тестілеу қазір көп ұзамай ұмытылатын уақытша жаттау мүмкіндіктерінің көрсеткіші ғана болып отыр. Туабітті ұйымдастырушылық қабілет, адами-педагогтік қасиет, ұзақ жылғы дағдытәжірибе, сан түрлі пәндік әдебиеттерден алған білім арқылы қазіргі тестілеуден өту мүмкін емес. Себебі тек жаттау арқылы ғана мұратыңа жетесің. Қазіргі тестілеуден жақсылап дайындалса, білікті ұстаздан гөрі жады жақсы жоғары сыныптың оқушысы өтіп кетуі әбден мүмкін. Оның үстіне, қазіргі тест сұрақтарының өзі қалай болса солай құрастырылған. Әсіресе, түкке керегі жоқ бас қатырғыш сауалдар өріп жүр. Бір сөйлемді жазып, заты тұрмақ, аты белгісіз авторлардың тізімін жазып қойған жайттар да жетерлік. Мысалы, қайдағы бір батыстық психологтердің пәлен жылғы еңбегінің, түген жылғы айтқан сөзінің бізге не керегі бар? Педагогика-психология саласына өмірін арнап, осы салада ғылыми еңбектер жазып жүрген ғалымдардың өзін шатастыратын, бірыңғай терминдерден тұратын сауалдар да жетіп артылады. Қорыта айтқанда, қазіргі тестілеу жүйесі мектеп басшысының да, мұғалімдердің де, оқуды енді тәмамдаған жастың да білімінің көрсеткіші бола алмайды. Бүкіл әлем бас тартқан Болон жүйесінен қалған, түгелдей батыстық модульге негізделген тестілеу жүйесін жоятын немесе өзгертетін уақыт келді. Ол үшін әлемдік білім беруді барынша саралап, өзіміздің әл-Фарабиден Абайға, Ыбырайға, Мағжанға дейінгі, оған кейінгі жылдардағы жетістіктерімізді қосып, теориялық сұрақтар дайындап, ұлттық тестілеудің жаңа нұсқасын дайындау керек, – дейді Қарлығаш Келісбайқызы.

ТЕСТТЕН СҮРІНГЕН ЖАС МАМАН ҚАЙДА БАРАДЫ?

Білім саласындағы соңғы жылдардағы тағы бір өзгеріс – педагогикалық мамандықты тәмамдаған жас маманның мектепке жұмысқа орналасуы үшін құр диплом алу жеткіліксіз. Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес, педагогикалық білімі бар маман оқу ордасына жаңадан жұмысқа орналасар сәтінде «педагог-тағылымдамашы» санатын иелену үшін тест тапсырады. Одан кейін ғана конкурс бойынша жұмысқа алынады. Сол мекемеде оған тәлімгер бекітіліп өзінің жұмысын жүргізеді. Сондай-ақ оқу жылының соңында педагог-тағылымдамашы ұжым алдында есеп берсе, тәлімгері өз тағылымдамашысы бойынша ұсыным әзірлейді. Егер аталған ұсыным оң бағасын алса, кеңес шешімімен оған «педагог» санаты бекітіледі. Осы ретте «Бұл жаңашылдық педагог болғысы келетін жастарға тосқауыл болмай ма?» деген заңды сауал туындайтыны сөзсіз. Осы сұрақты біз ардагер ұстаз Айнагүл Қалдасбековаға қойған едік.

– Тест тапсыру – кімге болса да маңызды сынақ. Алайда тест барысында кейбір маман жастық сезімге бой алдырып немесе қобалжып, қажетті ұпайды жинай алмай қалуы мүмкін. Сонда сол үшін жас маманның кеудесінен итеруіміз керек пе? Олай болса, неліктен университетте 4-5 жыл білім алды? Университетті тәмамдаған соң жас маман тесттің кесірінен жұмысқа орналаса алмай қалса, демек бұл мемлекеттің мұғалім даярлауға бөлген ақшасының желге ұшқаны. Ешкім университетте 4 жыл оқып, мұғалімдіктің қыр-сырын түгелдей біліп шыға алмайды. Барлығы уақыт өте келе білімдерін тәжірибемен ұштастыру арқылы сол мамандықты меңгереді, үйренеді. Ал сынақтан сүрінді деп жұмысқа қабылдамайтын болсақ, білікті ұстаздарды қалай жасақтай аламыз? Сол үшін тесттен өтпеген мамандарды мектепке мұғалімнің көмекшісі ретінде алып, ұстаздыққа баулу керек. Бір жағынан, тәжірибе жинақтайды, екіншіден келесіде тест тапсыру қиындық тудырмайды, – дейді сала ардагері.

АТТЕСТАТТАУ ЖАЛАҚЫ КӨТЕРУДІҢ ЖОЛЫ ЕМЕС

Білім беру ісінің Құрметті қызметкері Есенкүл Қохаева болса, кез келген педагог «ұстаз» деген атқа лайық болғысы келсе, сынақтан өтуден қашпауы керектігін айтады.

– Қазір көптеген әріптестерім біліктілік тестілеуін жалақыны көтерудің жолы ғана деп немқұрайлы қарайды. Бұл – өте қате түсінік. Себебі мұғалім осы арқылы өзінің біліктілігін шыңдап қана қоймай, соған жету үшін талпынады, ізденеді. Өкінішке қарай, кей педагогтер жаңын қинағысы келмейді. Меніңше, біліктілік тестіне әлі күнге дейін қарсы болып, байбаламға салатын әріптестерімнің дені сол ізденістен қашып отыр. Ал өзінің мамандығын сүйетін, оқушылардың болашағына жаны ашитын мұғалімдер бұл жүйеге қарсы емес. Мұндай ұстаздар, керісінше, тестке баруға талпынып, өзінің деңгейін білуге асығады.

Рас, ұстаздардың бірі денсаулығын, бірі егде тартқан жасын сылтау қылып жататыны бар. Бірақ бұлар шын шеберге кедергі болмауға тиіс. Өйткені өзі тест тапсырғысы келмейтін ұстаз ертеңгі күні оқушысына қалайша «ҰБТ тапсыр» деп айта алады? Сөз бен істің алшақтығы деген осы емес пе?! Егер адамның миы күш түсірмей, белсенді жұмыс істемесе, оның соңы есте сақтау қабілетінің нашарлауы мен алжу дертіне апарып соқтырады. Бұл ғылыми тұрғыда дәлелденген. Сол үшін жастар тұрмақ, зейнет жасына жақындаған ұстаздардың да денсаулығына тестілеудің пайдасы зор. Тіпті, 3-5 жыл сайын келетін мерзімін күтпей-ақ ұстаздардың өздері жиі сынақтан өтіп тұруы еш артық етпейді, – дейді Есенкүл Нокрабекқызы.

БІЛІМ САЛАСЫНДА БАСШЫ ТҰРАҚТАМАЙ КЕТТІ

Міне, осылайша сала ардагерлері әртүрлі ұстаным мен ой-пікірлерін айтуда. Біз бұл тұста біреудікі дұрыс, әлде бұрыс деуден аулақпыз. Әрбір сөздің естір өз құлағы бар. Алайда осы тестілеудің соңы жылда айқай-шуға ұласып жатады. Алдыңғы жылы тестілеуден 3 000-нан астам мұғалімнің сүрінуі, тіпті жағдайды ушықтыра түсті. Артынша, білім саласындағы басшылық құрамда ауыс-түйістер орын алып, өткен жылдың наурыз айында Рауан Садырқұлов басқарма тізгінін ұстады. Алайда Рауан Нұрғалиұлы да бір жылдан артық қызметте отыра алмады. Күні кеше басқарма басшысы өз еркімен жұмыстан кеткенін әлеуметтік желіде жазып, бұл шешімін «басқа жұмысқа ауысу» деген желеумен бүркемеледі. Бірақ Байзақтағы мектеп жұмысшысының қаза болуынан бөлек, өңірдегі 8 мектептің аттестаттаудан өте алмағаны басшының аттан аууына себеп болған секілді. Енді Садырқұловтың орнына кім келетіні әзірге белгісіз. Алайда соңғы 3 жылда Білім басқармасында 4 басшының ауысуы жақсылықтың белгісі емес. Демек, салада сыздауықтай солқыл тартқан түйткіл көп деген сөз. Соның бірі – мектеп пен ұстаздардың аттестаттауы. Осы олқылықтардың орнын жаңа басшы толықтырады деген сенім мол. Әйтеуір, алдыңғы басшылардың кебін киіп, бір жылға жетпей «өз еркімен» орнын босатып жүрмесе болғаны...

КӨЗҚАРАС

4 НАУРЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ



«Рэкетир» – еліміздегі коммерциялық алғашқы фильм. Ең бірінші бөлімі осыдан он сегіз жыл бұрын 2007 жылы түсірілді. Әлі күнге дейін фильмнің қайталап қарайтын көрермені де, әр сөзін дәйек ететін жанкүйерлері де азайған жоқ. Жақында «Рэкетир. Жаңа заман» фильмі жарыққа шықты. Бұл жолғы бөлімі бұрынғы биігін бағындыра алды ма? Қырғыз Республикасының «Рэкетирді» прокаттан алып тастауына не себеп?

КИНОДА ДА КИНО БАР, КЕЙІПКЕРІ ТЫМ БӨЛЕК

Көктем ҚАРҚЫН

ҚЫРҒЫЗСТАНДЫ БАНДИТТЕРДІҢ ПАНАСЫ РЕТІНДЕ КӨРСЕТКЕН

«Рэкетир» фильмі ел тарихындағы алғашқы коммерциялық табысты фильм болды. Ол өзін ақтап қана қоймай, қазақстандық кинематографияны жаңа бағытқа өзгертті. Осы уақытқа дейін «Рэкетирдің» үш бөлімі түсірілді. Бірақ барлығы бірдей көрермен назарына түсе алған жоқ. Айталық, жақында ғана режиссер Ақан Сатаев түсірген «Рэкетир. Жаңа заман» фильмі Қырғыз Республикасында прокаттан алынды. Осыған байланысты фильмнің түсірілім тобы ресми мәлімдеме жасап, көрші елдің көрермендерінен кешірім сұрады. Себебі фильмнің тұсаукесері Қырғыз елінде өтіп, билеттер де алдын ала сатылып кеткен еді.

– Өкінішке қарай, бізге байланысты емес себептермен «Рэкетир. Жаңа заман» фильмі Қырғызстандағы барлық кинотеатрдан алынды. Бұл жағдайға байланысты бауырлас елдің көрермендерінен шын жүректен кешірім сұраймыз. Бірақ барлық мән-жай анықталғаннан кейін, фильм Қырғызстанның үлкен экрандарына қайта шығады деп үміттенеміз, – деді Ақан Сатаев.

Режиссердің айтуынша, қазір интернетте түрлі алып-қашпа әңгімелер айтылып жатыр. Оның бірі – фильм қылмыс, криминалды насихаттайды деген. Бұл мүлдем дұрыс емес. Керісінше, кинода осындай іспен айналысқан адамның ақыры бір екенін көрсетілген.

Иә, ғаламторда Қырғызстандағы қылмыс әлемінің беделді тұлғаларының бірі болған Қамшы Көлбаевтың ұлының фильм тұсаукесеріне келіп, шығармашылық топпен бір дастарқан басында отырған видеосы тарап жүр. Тіпті, «Рэкетирді» түсіру барысында Руслан Көлбаевтың кеңесші болғанын да жұрт таласа айтуда.

– Бұл фильмге Русланның еш қатысы жоқ. Ол – қалғандары сияқты шақыртумен келген адам. Мен Қырғыз елінің билігін біздің мәселеге түсіністікпен қарауға шақырамын. Қырғыз бауырлар бұл фильмді ұзақ күтті. Оларға сеанс қайта ашылып, фильм көрсетіледі деп ойлаймын, – деді фильмнің басты рөліндегі актер Саян Исенбаев.

Алайда қырғызстандықтар фильмнің қайта прокатқа шықпайтынын ашық айтты. «Кыргызстасмасы» мемлекеттік кино орталығының директоры Талантбек Толобековтің айтуынша, қазақстандық фильм «Балалардың денсаулығына, олардың физикалық, зияткерлік, психологиялық, рухани және адамгершілік дамуына зиян тигізудің алдын алу шаралары туралы» қырғыз заңы негізінде прокаттан алынған. Өйткені бүгінде қырғыз мектептерінде бопсалаушылық деректері жиілеп тұр. Осы жайтты қаперге алған орталық мамандары 3 ақпанда «Рэкетир. Жаңа заман» фильміне берілген №29 прокаттау куәлігін 21 ақпаннан бастап қайтарып алу туралы шешім қабылдаған. Тыйым Қырғыз Республикасындағы барлық кинотеатрға меншік нысанына қарамастан қолданылады.

– Соңғы уақытта ерегес, көшедегі бұзақылық әрекет салдарынан балалардың өлімі жиілеп кетті. Бұл қалай дегенде де қоғамымызға, мәдениет қайраткерлеріне маңызды белгі. Біз трансформацияланып, дәстүрлі құндылықтарымызға барынша ілгерілеуіміз қажет. Осының негізінде кино орталық мамандары фильмнің прокаттау куәлігін қайтарып алу туралы шешім қабылдады, – деп түсіндірді Талантбек Толобеков.

Бір түсінбейтініміз – егер «Рэкетир» шынымен де Қырғыз Республикасының заңнамасына қайшы болса, онда неге кинонның премьерасын өткізді? Біз бұл сауалды кинотанушы Баубек Нөгербектен сұрадық.

– Қырғыз халқы өздері фильмді шығаруға рұқсат беріп, алғашқы көрсетілім болғаннан кейін ертесі күні киноны прокаттан алып тастады. Ал билеттер алдын ала сатылып қойған еді. Қырғыз Республикасында да бұл фильмді көп адам күтті. Бұл жерде бандитизмді насихаттады деп айтқанымен, криминалды әлемде танымал Қамшы Көлбаевтың баласы Русланның кино премьераға келуі мәселені шиеленістіріп жіберген болуы мүмкін. Ал менің ойымша, фильмде Қырғыз Республикасын бандиттердің панасы ретінде көрсеткен. Кинонның басында Саян «қырғыз жеріне барып тығылайық» деп айтады. Кинода үш эпизотта «Осы істі бітірген соң Бішкекке тығыламыз. Ол жақтағылар бізді күтіп алады» деп қайталаған. Премьераны көргеннен кейін қырғыз ағайындардың прокаттан алып тастауының басты себебі осы болуы мүмкін, – деді кинотанушы.

– Жалпы, менің пікірімше, «Рэкетирдің» түпнұсқасына қарағанда екінші бөлімі әлдеқайда сәтті шыққан және маңызды мәселені көтерді. Бірақ «Рэкетир-2» көрерменнің назарынан тыс қалды. Оны көп ешкім айтқан да, жазған да жоқ.

Біз демократиялық мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Кеңес одағының кезеңіндегідей белгілі бір фильмдерге цензура жасай алмаймыз. Киноны тоқтату – біздің де, биліктегілердің де құзіретінде емес. Автор жеке қаржысына қандай фильм түсіретінін өзі шешеді. Ал қай киноны көретінін көрермен өзі таңдайды, – деді Дана Әмірбекова.

Оның пікірінше, белгілі бір фильмдерге тосқауыл қоймас бұрын, көрермен талғамын көтеруіміз, қалыптастыруымыз керек. Сонда фильм шынымен нашар болса, көрермен өзі-ақ көрмейді. Ал кино касса жинамаса, оның жалғасын да түсірмейді. Қазір режиссерлер мен продюсерлердің көздеген түпкі мақсаты – касса жинап, қалталарын қалыңдату. Көрерменнің талғамы өссе, шығармашылық топ түсіретін фильмдерінің сапасын да жақсартар еді. Өкінішке қарай, бүгінгі көрерменнен деңгей күту мүмкін емес. Сұраныс болмаса, ұсыныс та болмас еді. Көрерменнің деңгейі өспесе, сапасыз кинолар да түсіріле береді. Қазір кино түсірушілерге осы пікірді айтсаңыз, олар: «сапалы, өрелі дүние ұсынсам, оны бәрібір ешкім көрмейді, касса жинамайды», – дейді.

– Ал мен керісінше, ойлаймын. А.Чехов кезінде: «Гогольді оқырманның деңгейіне түсірудің қажеті жоқ. Керісінше, оқырманды Гогольдің деңгейіне көтеру керек», – деді. Елімізде Д.Өмірбаев, С.Апрымов, А.Ержанов сияқты сапалы дүниелер ұсынатын режиссерлер бар. Бірақ оны қорыта алатын, қабылдай алатын көрермен өте аз. Талғам қалыптаспай, қандай шедевр кино көрсетсек те оны көрермен түсінбейді де, қабылдамайды. Көрермен Д.Бадықова мен Б.Алагөзованың фильмдеріне мәз болып жүре береді.

Осыдан 3 жыл бұрын Д.Өмірбаевтың «Ақын» фильмі шықты. Ол фильмге көрермен мүлдем барған жоқ. Кейін осы туындыны кино өнерінің отаны Парижде көрсетті. Ең қызығы, «Ақын» фильмінің көрсетілімі әлемге әйгілі «Аватармен» қатар болды. Бірақ француз көрермендері «Аватарға» емес, «Ақынға» көбірек билет алыпты. Осы жаңалық Францияның ең атақты басылымы Le Monde-та жарияланды, – дейді киносыншы.

2023 жылы Wink және START онлайн платформаларында «Слово пацана» сериялы шықты. Туынды БАҚ беттерінде де, әлеуметтік желілерде де үлкен резонанс тудырды. Себебі қоғамның басым бөлігі «сериал жасөспірімдер мен мектеп ортасында қылмыстық романтиканы насихаттайды, зорлық-зомбылық, ішімдік ішу, дөрекілік пен заңбұзушылықтың көптеген көріністерін қамтиды» деп дабыл қақты. «Слова пацана» мен «Рэкетирдің» ұқсастығы криминалды драма ғана ма?

– «Слова пацана» фильмі зорлық-зомбылықты насихаттаған жоқ. Сол кезеңдегі шындықты өте шынайы көрсете білген тележоба болды деп есептеймін. Мәселе криминалды кейіпкерлерді романтизациялауда емес. Мәселе – автордың соларға деген көзқарасында. Осындай тақырыптағы туындылар немен аяқталады, бас кейіпкерлердің өмірі қалай болды, олардың әрекеттері неге әкеліп соғады? Осыған қарауымыз керек. Егер соңында кейіпкерлер шалқып өмір сүріп, бақытты болып аяқталса, ол – мәселе. Мұндай фильмдердің көбінде кейіпкер көрерменге ұнамды болғанымен, соңында өзінің лайықты жазасын алып отырады. Демек, автордың ол туынды арқылы не айтқысы келді, тоқетері не сол маңызды деп есептеймін. «Рэкетир-3» соңында бәрі бақытты болса, мен қолдамас едім. Бірақ олардың әрқайсысы өз жазасын алғаны көрерменге сабақ болды, – дейді киносыншы.

Дана Әмірбекованың пайымдауынша, соңғы жылдары отандық кино индустрияда комедия жанры көбейіп кеткен еді. Енді комедияның орнын осындай криминалды, экшн фильмдер басуы мүмкін.

ҚАТЫГЕЗДІКТІ ЖЫЛТЫР ҚАҒАЗҒА ОРАП ҰСЫНҒАН

Қазақ «көп шайнаған қазының дәмі кетеді» дейді. «Рэкетирді» осы заманда, қайталап түсіре берудің мәні кеткен жоқ па? Бәрібір кинонның екінші және үшінші бөлімдері біріншісіндей көрермен жүрегіне жеткен жоқ.

– Бұл туынды аты айтып тұрғандай, қылмыс әлемін суреттеуді көздеген. Анығында, қылмыс пен оны міндетті түрде қуып жететін жаза туралы ой-толғам. Экранда романтизацияланған қылмыс әлемінің бет-пердесін ашып оның қайғы-қасіретін де ашық көрсету режиссердің басты ұстанымы болса керек. Бір қарағанда, режиссердің бұл ұстанымында жазық жоқ. Бар жазық бұл ойдың іске асуында, – дейді «Көрермен күнделігі» жобасының авторы Лязиза Керімқұлқызы.

Оның айтуынша, кез келген фильмнің сценарий, режиссура, актерлік ойын деген үш тұғыры бар. Қандай да бір керемет идея мықты сценарийге айналмаса – көркем дүние шықпайды, мықты сценарий ұтымды режиссерлік шешімге байланбаса – көркем дүние өзегі әлсірейді, ал екеуінің де тағдырын – актерлік ойын шешетіні тағы рас. Шынайы ойын болмаса – көрермен жүрегін жаулайтын туынды тумайды. Көркем фильмде сценарий келбетін ашатын, әлбетте диалогтар. Сол арқылы көрермен кейіпкердің жанына үңіледі, содан кейін әрекетіне зер салады. Екеуінің қабысу-қабыспауы арқылы кейіпкердің табиғатына бойлап, психологиясын аша түседі.

– Кейде көрермен қантөгіске толы фильмде басты кейіпкердің әрекетін ақтап алуға тырысады. Мысал ретінде, режиссер Алексей Сидоровтың «Бригада» (2002) сериалын айтуға болады. Фильмнің өн бойы кісі өлтіру, рэкет жолымен біреуді бопсалау, наркотик, қару-жарақ сату деген сияқты криминалды элементтерге толы. Бірақ көрерменнің көбінде Саша Белый мен оның достарына деген іштарту бар. Мұның сыры – жоғарыда айтқан көркем дүние үш негізінің дұрыс қалануында. «Бригада» сериалының бас кейіпкерлерінде жастыққа тән албырттық пен қызбалық, достар арасындағы қағытпа қалжың, бір сөзбен айтқанда, әр көрерменнің табиғатына тән сезімдер бар. Сондықтан да болар, көрермен әр кейіпкердің сөзі мен әрекетіне қарап оп-оңай мінездеме бере алады, төртеудің ішіндегі Сашаның көшбасшы болғанын түсініп қана қоймай, соған ұқсағысы келеді. Иә, атышулы тоқсаныншы жылдары көп жастар криминал жолға түсті, уақыт сондай еді, жоқшылық тығырыққа тіреді деп кейіпкерді ақтап алғысы келетіні де рас. Қатыгездікті жылтыр қағазға орап ұсынған режиссер сонысымен де ұтып тұр. Экранға шығатын көркем дүниенің түбінде мораль, идеология болу керегі осыдан. Дегенмен нарық заманында кез келген идея экранға жол тауып, өз аудиториясын қалыптастырып жүр, – дейді «Көрермен күнделігі» жобасының авторы.

Лязиза Керімқұлқызының айтуынша, соның тағы бір дәлелі – режиссер Ақан Сатаевтың жаңа туындысы. Фильмнің бас кейіпкері Саян жазасын өтеп бостандыққа шығады. Кино солай басталады. Темірдің ар жағында отырғанда ол отбасынан айырылады. Отбасы да оның өмірлік таңдау жолының құрбаны. Өмірлік тауқыметті арқалаған адамның жан дүниесінде не өзгеріс болды? Тоқсаныншы жылдары аңдамай жүріп отқа түскен кейіпкердің бүгінгі жан азабы қандай? Барынан айырылған Саянның эволюциясы қандай? «Рэкетирдің» алғашқы екеуін көрген көрермен осындай сұрақтарға жауап күтері анық. Өкінішке қарай, жаңа туынды бұл сұраққа жауап бере алмады. Біз көрген Саян сол қалпында. Белгілі бір ұстанымы жоқ, мақсаты жоқ кейіпкер, бетінде ешқандай эмоциясы білінбейтін пенде. Бірақ ол оның мықтылығын емес, керісінше таяздығын көрсетіп тұр. Қасірет шеккен жанның, бостандыққа шыққан адамның сондай күй кешуі әбден мүмкін, өмірде ондай бейбақтар баршылық та шығар. Дегенмен кино өмір емес, ол – өмірден өнер тудыратын құрал. Көрермен экраннан қаһарман көргісі келеді, протагонист мейлі антагонист болсын – кейіпкердің өзімен не сыртқы күшпен арпалысы болмаса, шиеленіс тудыратын оқиғадан шығатын жол іздемесе, сол жолда күреспесе – көркем туындының еш құны болмайды. Ал Ақан Сатаевтың Саяны өзіне не керегін білмей қор болған жан.

– Бұл туындыда тағы бір кейіпкерге ерекше орын берілген. Ол – Асқар. Бір қарағанда, оқиға Саян жайлы емес, Асқар турасында деп ойлайсың, артынан Асқардың аяқасты өлімін көріп, оның рөлінің мәні неде болды деген ойға қаласың. Бәлкім, режиссер намаз оқитын баланың ішкі қайшылығын көрсеткісі келді ме екен? Онда ол тәсілі өте әлсіз шыққан. Жұмыр дүниеде кездейсоқ кейіпкер, кездейсоқ әрекет болмайды. Жоғарыда айтып өткендей, фильмнің ажарын ашатын диалогқа келсек, бұл фильмде диалогтың көбі «иманды болсын, жатқан жері жайлы болсын» деген сөздерге құрылған. Жасыратыны жоқ, бұл – исі қазақтың күнделікті айтып жүрген сөзі. Иманжүзді адам одан жиренбейді, бірақ фильмнің лейтмотиві болған иманды лық көріністері нені әйгілеп тұр? Режиссер онысымен не айтқысы келді? деген сұрақ алдыңнан шыға береді. Мысалы, қылмыстық әлемнен баяғыда қол үзіп иман жолын таңдаған жанның отбасында өскен, намазға жығылған бала неге қатыгез? Иә, режиссер оның әрекетін ақтағысы келді, бала бандиттерден қорғанды. Бірақ ол оқиға да тым жасанды. Саян секілді Асқардың да бүкіл сезімі қатып қалған. Әлсін-әлсін ірі планда баланың бетіндегі ашу мен ызаны байқайсың. Бұл – бес уақыт намазын қаза қылмай жүрген отбасыда тәрбиеленіп келе жатқан бала екенін ескерсек, режиссердің ойы тағы да бұлыңғыр көрінеді, – дейді Лязиза Керімқұлқызы.

Киносыншының пікірінше, фильмнің диалогтары ғана жұтаң емес, кейіпкерлердің де сезімі сұрғылт. Көркем дүниені байыта түсетін әзіл де жоқ, оны кейіпкерлердің аузына салмаса да оқыс әрекеттер арқылы көрсетуге болмас па еді? Иә, фильмнің жанры криминал, драма дейік, кейіпкерлер – бизнесмендер. Қарапайым көрермен түсіне бермейтін бөлек әлемде өмір сүреді дейік. Онда ең болмаса жүздерінде неге қасірет жоқ, істеген қылмыстың жүгі неге байқалмайды?

– Бұл – әрине, тек Сатаев қолтаңбасына ғана емес, жалпы кейінгі отыз жылда шыққан қазақ киносына тән құбылыс. Кейіпкердің ішкі сезімін, ішкі арпалысын шынайы жеткізетін актерлік ойынды көру – көрермен үшін бір ғанибет болғаны рас. Осы тұрғыда Шәкен Айманов тың «Атамекен» (1978) көркем фильміндегі соғыста шейіт болған баласына салған бейіттен шыққан әкенің дала төсінде намаз оқыған сәті еріксіз ойға түседі. Сол эпизодтағы актер Елубай Өмірзақовтың тұңғиық көзқарасынан шегі жоқ қасіретті, өмірдің ізін көресің. Баласының сүйегін іздеуге шыққан ақсақалдың арқалаған қайғысына қарамастан Жаратушыға иман келтіріп, шүкір айтып отырғанына сенесің, – дейді «Көрермен күнделігі» жобасының авторы.

Лязиза Керімқұлқызының айтуынша, екі сөзінің бірі «иман» болған «Рэкетир-3» фильмінің кейіпкерлеріне, отбасынан айырылған Саянның (оны фильмде Саян экраннан өз көзімен көреді) тағдыр тәлкегінен тартқан тауқыметіне сену мүмкін болмады. Саянның бейнесінен не ызаны, не Жаратушының жібергеніне мойынсұнған кейіпті көре алмайсың. Сонда қатыгез сахналарды ашық көрсетіп, криминал өмірге көрерменнің көзін ашуды көздеген фильмнің мақсаты қандай? Бірін-бірі қырған кадрлер жиынтығы көрерменге не береді? О баста шалыс кеткен Саянның өмірі баянсыз аяқталды, өмірде ондай Саяндар толып жүрген болар? Бірақ сондай Саянның өмір жолы бір емес, үш фильмге арқау боларлықтай себеп қандай? Жастар ондай кейіпкерден не өнеге алады?

– Бүгін қазақ көрермені – экрандағы шынайы ойынға зәру. Режиссер қауымы актер атаулының бойындағы бұғып жатқан сезімін оята алмаса, көрермен жүрегіндегі сезімге жол таппасы анық, – дейді киносыншы.

Иә, кино – идеология құралы. Сәтті түсірілген туындылар көрерменге шабыт сыйлап, өмірді жарқын жаққа өзгертеді. Мысалы, «Хәрри Поттер», «Сақиналар әміршісі», «Лашықтан шыққан миллионер», «Гладиатор», «Темір адам»... Осылайша, әр бала тіпті әр көрермен фильмнен өз қаһарманын іздейді. Қаһарманындай қайсар болуға ұмтылады. Бірақ қазақ киносында идеология қаруына айналып, жасөспірімдердің қиялына жол ашқан туынды аз.



«РЭКЕТИР-4» ТҮСІРІЛМЕЙТІНІ АНЫҚ

«Рэкетир. Жаңа заман» фильмі Қазақстанда прокаттың бірінші күні 135,4 миллион теңге жинап, рекорттар тізімінен екінші орын алды. Бұған дейін бұл рекорд «Аватар: су жолы» фильміне тиесілі болған, ол алғашқы күні 155,4 миллион теңге тапқан. Баубек Нөгербектің айтуынша, «Рэкетирдің» бірінші бөлімі шыққан кезде Ақан Сатаев «бұл фильмнің жалғасы болмайды. Біз нүктесін қойдық. Саян да, Руслан да өз жазаларын алып, қаза тапты» деген еді. Бірақ араға сегіз жыл салып, 2015 жылы «Рэкетир-2» шықты. Екінші бөлімі біріншісі сияқты сәтті болған жоқ. Ал үшінші бөлім он жылдан кейін 2025 жылы көрерменге жол тартты. Екінші бөлімнен кинонның жалғасы түсірілетіні анық еді. Өйткені кинонның соңы Саянды тұтқындаумен, Жанның баласы Абылайдың көрсетілуімен аяқталған.

– Үшінші бөлімді түсіргенде шығармашылық топ асыра сілтеп жіберген. «Рэкетир-1» тоқсаныншы жылдарға баға берумен, сол заманның шынайылығын көрсетумен, динамикасымен қызық болды. Клиптік монтаж қолданылса да, бәрі үйлесімді еді. Ақан Сатаевтың дебюттық киносы болғандықтан, біріншісіне барын салғаны байқалған. Ал екінші мен үшінші фильм бәрібір алғашқыдай сәтті шықпады, – дейді Баубек Нөгербек.

Кинотанушының пікірінше, «Рэкетир-1»-дің айтар ойы, позициясы да бар еді. Қылмыстық істің түбінде жақсылыққа әкелмейтінін көрсетті. Мысалы, Аман деген кейіпкер түрмеге түсіп, жазасын өтегеннен кейін дінге бет бұрып, аман қалады. Сонымен қатар Саянның «өмір» туралы монологы да ұтымды болды. Ал екінші бөлімде Саян мүлдем аз көрсетіледі. Русланның інісіне көп көңіл бөлініп, сюжет кек алуға ұласады. Өкінішке қарай, махаббат иірімдерін қосқаны ұтымсыз болды. Үшінші бөлім қайтадан «ұрлық түбі – қорлық» деген идеяны ұстанады. Бірақ көп асыра сілтеген.

– Енді «Рэкетир-4»-тің түсірілмейтіні анық. Себебі үшінші бөлімде Аман, оның баласы және Саян отбасымен, кек алушы Жанның баласы Абылай да қаза тапты. Жалпы, криминалды тақырыптар қай заманда да көрермен үшін қызықты. «Рэкетирдің» бірінші фильмі коммерциялық жоба ретінде түсірілген жоқ еді. Бірақ кейінгілері көрермен сұранысына қарай шықты. Коммерциялық фильмнен терең ой, мағына іздеудің қажеті жоқ. 5-10 жылда бүгін түсірілген фильмдердің бәрі ұмытылады, – дейді Баубек Нөгербек.

КӨРЕРМЕН ТАЛҒАМЫН КӨТЕРУ КЕРЕК

Ал киносыншы Дана Әмірбекованың айтуынша, егер фильм сәтті шыкса, оның жалғасын түсіру – әлемде бұрыннан қалыптасқан үрдіс. Көрерменнің сұранысынан түспей, касса жинаса, неге кинонның жалғасын түсірмеске? Дегенмен кинонның драматургиясы, актерлік құрамның ойыны да осал болмауы керек.

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ИГІЛІГІ МЕН ИІРІМІ

Жетісу облысының әлеуметтік-экономиалық дамуы қалыпты жолға түскенімен, аймақ әлі де республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыға тәуелді. Мәселен, биыл өңірге бөлінген субвенция көлемі – 386,5 миллиард теңге шамасында. Ал облыстың толыққанды тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті бюджет көлемі 525,5 миллиард теңге көлемінде бекітіліп отыр. Бұл қаражаттың 463,4 миллиард теңгесі ағымдағы шығындарға, ал 62,1 миллиард теңгесі даму бюджетіне бағытталған екен.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
Жетісу облысы

Әрине, өңірдегі шаруаның ілгерлеуі үшін бюджетке түсетін кіріс көздерінің тұрақтылығы маңызды. Болжам бойынша, биылғы кіріс мөлшері 91,1 миллиард теңге болып белгіленген. Ал бұл болжам 2024 жылға жоспарланған көрсеткіштен 9,7 пайызға жоғары болып отыр. Ендігі жерде облыстың атқарушы билігіне «арық айтып, семіз шығуға» тура келетін сияқты. Өйткені өндіріс ошақтары аз, негізінен ауыл шаруашылығына арқа сүйеген аймақ үшін бюджет түсімдерін тұрақты толтырып отыратын табыс көздері санаулы. Оның үстіне, аймақтағы әлеуметтік мәселелер де шаш етектен. Қазір Жетісу облысы республикамен салыстырғанда орташа табыс көзі аз аймақтардың қатарында. Есесіне, халық санына шаққандағы үлес бойынша жұмыссыздық та алаңдатарлық деңгейде. Атап айтқанда, былтыр облыс халқының орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы бағалау критериі бойынша 141 318 теңгені көрсеткен. Дәл осы 2024 жылдың үшінші тоқсанындағы дерек бойынша Жетісу облысындағы жұмыссыздар саны 15 070 адамды құраған.

Жалпы, бүгінде Жетісу облысын 695,6 мың адам мекендейді. Салыстыра алғанда аймақтағы халықтың 55,2 пайызы ауылды жерде тұрып жатыр. Яғни, 284 мың адам елді мекендерде еңбек етіп, күн кешіп жатқаны аян. Ал қалған 44,8 пайыз тұрғын қалалық мәдениетке кірікті деуге болады. Олардың жалпы саны қазір 311,6 мың адам болды. Әрине, ауылдағы халық санның басым болуы аймақтағы тіршілік көзінің мейлінше аграрлық салаға бейімделгенін көрсетсе керек. Статистикаға жүгінсек, өңір экономикасының негізгі жүлгесі де осы ауыл шаруашылығына арқа сүйейтінін

> **Бүгінде Жетісу облысын 695,6 мың адам мекендейді. Салыстыра алғанда аймақтағы халықтың 55,2 пайызы ауылды жерде тұрып жатыр. Яғни, 284 мың адам елді мекендерде еңбек етіп, күн кешіп жатқаны аян. Ал қалған 44,8 пайыз тұрғын қалалық мәдениетке кірікті деуге болады.**

байқаймыз. Яғни, облыстың атқарушы билігі үшін «күндіз күлмей, түнде ұйықтамай» жұмыс істейтін сәт әлі де күшінде.

Осы жерде өңірді дамытуға арналған мақсатты бағдарламалардың бірі ретінде өңір экономикасына тартылған инвестициялардың көлеміне назар аударуға тура келеді. Өйткені инвестордың қаржысы – қай кезден бері де өндіріс пен ауыл шаруашылығын дамытуға ауадай қажет ақша. Тиімді инвестиция экономиканы дамытуға бағытталған дайын күш қана емес, жұмыспен қамту, салық түсімдері сияқты бірқатар мәселені бірден шешетін тетік екені даусыз. Енді бұл бағытта Жетісу облысында не атқарылуда дегенге келейік.

Былтырғы қорытынды бойынша, аймақ экономикасына 522 миллиард теңге инвестиция құйылған. Бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 1,4 есеге артық. Оның ішінде жеке инвестицияның үлесі 394 миллиард теңгені құрағана екен. Бұл алдыңғы жылдан 1,7 есеге өсті. Жалпы, өткен жылдың қорытындысында қысқамерзімді экономикалық индикатор бойынша көрсеткіш облыста 114,8 пайызды құрап, республикада 2-орыннан көрінді.

Дерекке сүйенсек, былтыр өнеркәсіп саласында 200 жұмыс орнын ашқан Asma Industrial өндірістік аккумуляторлар зауыты іске қосылыпты. Сонымен қатар біраз жыл бойы жұмысы тоқтап тұрған майлы дақылдар өңдейтін «Жетісу Мажико» агрокешені былтыр қайта жұмысын жалғастырған екен.

– Ал биылға келсек, Талдықорғандағы «Қайнар АКБ» зауытының өнеркәсіптік аккумулятор батареяларын шығаратын жаңа жобасы іске асырылады. Жобаның құны 10 миллиард теңгеден асады, 150 жұмыс орнын ашу межеленген. Бұдан бөлек, биыл Кербұлақ ауданында ең ірі инвестициялық жоба тау-кен металлургия комбинаты іске қосылады. Құны – 1,3 триллион теңге. Комбинатта 2 000 жұмыс орны ашылып, жергілікті жұртшылықты жұмыспен қамтиды. Былтыр осы жоба бойынша теміржол желісі, қойма ғимараттары салынған болатын. Ал биыл құрылыс-монтаж жұмыстары басталады. Талдықорғандағы «Басқуат» жылыту қазандығының аумағында тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден өткізетін зауыттың құрылысы жүреді, келесі жылы құрылысты аяқтау жоспарда бар, – дейді облыс әкімі Бейбіт Исабаев.

Жалпы, өңірдің көлік-логистикалық әлеуеті жоғары. Ендігі жерде мол инвестиция ағыны да осы бағытта жүретін сияқты. Өңір басшысы «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы облыстың экономикалық өсу нүктесі екенін атап өтті. Мысалы, жыл басында жел генераторлары мен энергия жинақтау жүйелерін шығаратын заманауи зауыт салу жобасы іске асырыла басталды. Жобаның құны – 40 млн АҚШ доллары, 300-ден астам жұмыс орны ашылады. Жылдың соңына қарай арнайы экономикалық аймақ аумағында SKYHANSA ЖШС заманауи үлгідегі әуежайдың құрылысын бастайды деп күтілуде. Жүк және жолаушылар терминалын қамтитын жоба қолға алынады. Оның құны – 250 миллиард теңге. Қысқаша айтқанда, 2025-2027 жылдары Жетісу облысында 120-дан астам инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 10 мыңнан астам жұмыс орны ашылады.

Айтпақшы, Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берген негізгі 8 басымдыққа сәйкес өңірдің алдында тұрған басты міндеттер орнықалып отыр екен. Біріншіден, ауыл шаруашылығы тауарларын өңдеу өндірісін қарқынды жүргізіледі. Мәселен, облыста құс фабрикасын және жүгері өңдейтін зауыт салу туралы инвесторлармен жұмыс жүргізіліп жатыр. Жалпы, өңірде өндірілетін қант қызылшасы, жүгері, бидай, ет, сүт сияқты ауыл шаруашылығы тауарларының 65 пайызы аймақта өңделеді. Екіншісі бағыт – өндірісті дамыту, лайықты жалақысы бар жаңа жұмыс орындарын ашу. Бұл орайда облыста бірнеше өндірістік жобалар жоспарланып отыр. Үшіншісі – туризм саласы. Өңірдегі Алакөл, Балқаш көлдері, Жоңғар Алатауы, жалпы Жетісудың табиғаты туризмді дамытуға үлкен септігін тигізеді. Бұл ретте инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылуда. Төртінші бағыт – цифрландыру аясында да экономиканың түрлі салаларында бірқатар жаңа жобалар жоспарланып, қолға алынуда.

– Әлеуметтік экономикалық даму бойынша қысқа мерзімдегі индикатор 114,8 пайызды құрады. Ал экономикалық өсім 9-10 пайыздың көлемінде болады деп күтілуде, оның қорытындылары осы наурыз айында шығады. Өткен жылы өндіріс көлемі 3,4 пайызға, ауылшаруашылығы 3 пайызға, сауда 1,2 есеге, құрылыс 1,5 есеге өссе, тұрғын үйді беру 15 пайызға өсті. Облыс экономикасына инвестиция тарту 1,4 есеге ұлғайды, соның ішінде жеке инвестицияның көлемі 1,7 есеге өсті, – дейді облыс басшысы Бейбіт Исабаев.

ЖАЙЫЛЫМ ЖЕР ТАПШЫ

Жайылым жерлер тапшылығы ауыл шаруашылығы саласында өзекті мәселеге айналып отыр. Президент мал шаруашылығын дамыту мақсатында жайылым жерлерді кеңейтуді тапсырған болатын. «Жайылым жерлерінің кеңдігі бойынша Қазақстан әлемдегі бес елдің қатарына кіре тұра, оның 40 пайызын ғана пайдаға жаратып отыр. Фермерлер үшін мұндай жерлерді беру механизмін жетілдіріп, жеңілдету керек», – деген еді Мемлекет басшысы.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Ресми деректерге сенсек, республика бойынша жеке қосалқы шаруашылықтардағы 5,7 миллион мал басын жаю үшін қосымша 8,9 миллион гектар жайылым қажет. Бұл мәселе әсіресе, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл және Атырау облыстарында айқын сезілуде.

Мамандар жайылым тапшылығының негізгі себептерінің бірі ауылдық елді мекендер маңындағы жерлердің тиімсіз пайдаланылуы және игерілмеуі екенін айтады. Ғарыштық мониторинг нәтижесінде, республика бойынша 20 миллионнан астам гектар пайдаланылмай жатқан жайылым жер анықталды. Оның ішінде, 4,2 миллион гектардан астамы мемлекет меншігіне қайтарылған.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Бақтыбек Таубаевтың пікірінше, «ҚР Жайылымдар туралы» заңға енгізілген өзгерістер елді мекендерге жақын орналасқан пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекетке қайтару және оларды ауыл тұрғындарының қажеттіліктеріне беру шараларын қолға алуға жол ашқан.

«Сонымен қатар ауылдық округтерде жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарлар әзірленіп, іске асырылуда. Жайылым жерлер тапшылығын жою мақсатында жергілікті билік органдары мен Ауыл шаруашылығы министрлігі бірлесіп, нақты шараларды жүзеге асыруда. Бұл жұмыстардың нәтижесінде ауыл тұрғындарының мал шаруашылығын дамытуына қолайлы жағдай жасалып, облыстың аграрлық әлеуеті артады деп күтілуде. Дегенмен жайылым жер тапшылығы мәселесін шешуге ғылыми қадамдар да керек», – дейді ғалым.

Ғалым Бақтыбек Таубаевтың пікірінше, Атыраудағы жайылым жер тапшылығын жоюға кешенді және нақты қадамдар жетіспей жатыр.

«Өзгермейтін шындық бар. Қазақстан – аграрлы ел. Ықылым заманнан мал шаруашылығымен айналысу мәдениеті қанымызға сіңіп кеткен. Яғни, Қазақстан алдағы уақытта да агросекторды дамыта беруге міндетті. Осы тұрғыдан келгенде, Атырау ғана емес, тұтас елімізде жайылым жерді ұтымды пайдаланудың нақты механизмдері керек», – дейді ол.

Спикердің айтуынша, Атырау облысында 11 млн гектар жер болса, оның 7,8 млн гектардан астамы – жайылым жер. Рас, облыстағы жайылым жердің жартысынан көбі сортаң, тұзды келеді. Бірақ бұл ол жер мал жаюға жарамсыз деген сөз емес.

«Малды барлық жерге жаюға болады. Еділ мен Жайық, Жем мен Каспий, Тайсойған жерлері – құмдық жайылымдар. Зерттеулер малдың жылдық қажетті жем-шөбінің 80 пайызға жуығы жайылымнан алынатынын көрсетіп отыр. Нарынның өзінде 731 түрлі шөп түрі бар. Сондықтан бізге жайылымдарды ғылыми негізде пайдалануды үйрену керек», – дейді ғалым.

Ғалым жайылым жерді тиімді қолданудың үш әдісін ұсынып отыр.

«Біріншісі – жайылым маусымына қарай қолдану, яғни мал жаятын жерді ауыстырып отыру. Күздік, көктемгі, жазғы жайылымдар деп аумақтарды мақсатты түрде бөлу қажет. Екіншіден, жайылым жерді жақсарту, яғни қолдан шөп егу арқылы құнарлығын арттыру қажет. Онда да Атыраудың табиғатына бейімделген шөп егуді қолға алу керек. Үшіншіден, шаруа қожалықтарын біріктіріп, кооперация құру керек», – дейді ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Бақтыбек Таубаев.

Ғалымның сөзінше, жайылым тапшылығын шешуде әлем елдерінен үйренеріміз көп.

«Кейбір елдер мал шаруашылығын тиімді басқару, жер ресурстарын дұрыс пайдалану және технологиялық инновацияларды енгізу арқылы бұл мәселені шешуге тырысуда. Мәселен, АҚШ, Аустралия, Бразилия ротациялық жайылым жүйесін енгізді. Мал белгілі бір аумақта шектелген уақытқа ғана жайылады, содан кейін басқа жерге ауыстырылады. Бұл топырақтың тозуын азайтады. Еуроодақ елдері, Канада, Қытай спутниктік бақылау арқылы пайдаланылмай жатқан немесе тозған жайылымдарды анықтауда. Мал қозғалысын GPS арқылы бақылап, артық жүктемеден қорғауда», – дейді ғалым.

Бір қызығы, Нидерланд, Дания, Израиль елдері мал азығын баламалы жолмен өндіруді қолға алған. Олар мал азығы ретінде гидропоникалық жолмен арпа, бидай өсіріп отыр. Шыны керек, Атыраудың өзінде гидропоникалық жолмен өсімдік өсіріп, мектеп ішін көгалдандыруға үлес қосып жатқан жас ғалымдарымыз бар. Өкініштісі, жас ғалымдардың зерттеу жаңалықтары өндіріске бара алмайды. Мұның өзі жайылым жер проблемасы ғана емес, экономика, медицина, басқа да әлеуметтік салалардағы проблемаларды шешуге ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың жоқтығы кері әсер етіп отырғанын көрсетеді.

Жайылымдық жер тапшылығына соңғы кездері киік санының көбеюі де кері әсерін беріп жатыр. Былтыр ғана Құрманғазы ауданы шаруалары сан соғып қалды. Даланың кербез киігінің көбейгені жақсы, әрине. Бірақ тиісті шаралар қолға алынбағандықтан, киіктер мал жайылымын таптап, салдарынан шаруалар малға азық таппай қиналып жатыр. 2023 жылы Батыс Қазақстан облысында 921,7 мың гектар жерді киік таптап тастаған. Оның ішінде, егістік алқап та, шабындық пен жайылым да бар. Соның кесірінен, былтыр облыстың Бөкей Ордасы, Жаңақала, Жәнібек және Казталов аудандарында төтенше жағдай жарияланды. Аталған төрт ауданнан бөлек БҚО-дағы Ақжайық, Тасқала және Бәйтерек аудандары да бүгінде киіктің тұрағына айналған. Ғалымдардың биологиялық негіздемесі бойынша, бұл облыстың аумағына 500 мың бас киік сыйымды екен. Ал 2024 жылы облыстағы киік саны төлімен қосқанда 2,3 миллионнан асқан. Биыл киіктің саны 3 миллионнан асады деген болжам бар.

Құрманғазы ауданында тапталған жайылым жерлер бойынша Атырау облысы төтенше жағдай жариялаған жоқ. Не малдың жем-шөбіне субсидия, иә арзанға шөп таба алмай қиналған шаруалар ақырында қыруар малды сойып, арзанға сатуға мәжбүр болды. Ықылым заманнан тіршілігін мал шаруашылығымен байланыстырған халқымыздың ата кәсібі жайылым жер тапшылығы мәселесі түпкілікті шешілмесе, құлдырап бітетін түрі бар.

ДОДА

4 НАУРЫЗ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Күрестен биылғы маусым қазақстандық спортшылар үшін табысты басталды. Ірі халықаралық турнирлерде отандастарымыз біршама жетістіктерге қол жеткізді.

БОЗКІЛЕМДЕ АТОЙ САЛҒАН БАЛУАНДАР

ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫ ТОП ЖАРДЫ

2025 жылғы маусым күрес шеберлері үшін бірнеше халықаралық турнирден басталды. Соның ішінде Қазақстан әйелдер құрамасы топ жарған болатын. Қазақстандық еркін күрес шеберлері Эльмира Сыздықова мен Гүлдана Бекеш маусымды қос бірдей алтын жүлдемен бастады.

Отандастарымыздың алғашқы жарысы – Францияның Ницца қаласында өткен Анри Деглан Гран-при кезеңі. Бұл жарыста Эльмира Сыздықова 76 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп алтын медаль жеңіп алса, Гүлдана Бекеш 59 келіге дейінгі салмақта жеңіс тұғырының биік сатысына шықты. Айта кетейік, Бекеш 2024 жылы жастар арасындағы Азия чемпионатында қола медаль еншілесе, Эльмира Сыздықова ересектер арасындағы құрлық біріншілігінде үшінші орын алған еді. Осы жолы да Рио Олимпиадасының жүлдегері өз шеберлігін дәлелдеп, қарсыластарын айқын басымдықпен жеңді.

Қазақ қыздарының жеңісті жолы мұнымен тоқтап қалған жоқ. Келесі халықаралық жарыс Ресейдің Красноярск қаласында дәстүрлі Иван Ярыгин турнирі өтті. Аталмыш жарыста қазақстандық балуандар үш медальға қол жеткізген болатын.

Франциядағы Гран-приден кейін Эльмира Сыздықова 76 келі салмақта Ресейдегі турнирде бақ сынады. Рио Олимпиадасының қола жүлдегері финалда моңғолиялық Даваанасан Энх-Амарды жеңіп, екінші алтын медальға қол жеткізді. Ал 62 келіге дейінгі салмақта қазақстандықтар тағы екі медальға ие болды: Виктория Хусаинова екінші орынды, ал Тыныс Дубек қола жүлдені еншіледі.

Айта кетейік, Иван Ярыгин дәстүрлі халықаралық турнирі 2022 жылға дейін «Біріккен күрес әлемінің (UWW) күнтізбесінде кіші әлем чемпионаты» деп аталатын.

Кейіннен Беларусьтың Минск қаласында үш дүркін Олимпиада чемпионы Александр Медведтің құрметіне арналған дәстүрлі халықаралық турнир өтті. Бұл жарыста қазақстан әйелдер құрамасы екі алтын, бір күміс және төрт қола медальді еншіледі.

Алтын медальді Жәмилә Бақбергенова (72 келіге дейін) мен Эльмира Сыздықова (76 келіге дейін) жеңіп алды. Жарыстың күміс медалі 59 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Ирина Кузнецоваға бұйырды. Ал қола медальді Зейнеп Баянова (53 келіге дейін), Зульфия Яхъярова (55 келіге дейін), Тыныс Дубек (62 келіге дейін) және Елена Шалыгина (65 келіге дейін) иеленді.

Осылайша, Қазақстан әйелдер құрамасы маусым басында ел қоржынына бірнеше алтын медаль салды.



ДҮЛДІЛДЕР ЖИНАЛҒАН ТУРНИР

Ендігі басты назар – Алматыдағы кәсіпқой күрес лигасының (PWL) сегізінші турниріне аударылды. Бұл турнир күрес жанкүйерлері үшін нағыз мерекеге айналды. Ұйымдастырушылар көрермендерді жоғары деңгейдегі жарыспен және әлемдік аренада табысқа жеткен қатысушылар құрамымен қуантты. Кілемге төрт олимпиада чемпионы шықты, олардың үшеуі сенімді жеңіске жетті.

Турнир аясында жалпы 12 кездесу өтті: алтауы еркін күрестен, бесеуі грек-рим күресінен, біреуі – әйелдер күресінен. Олимпиада чемпионы Кайл Снайдер (97 келі) жоғары деңгейдегі күрес үлгісін көрсетті. Ол екі жекпе-жек өткізіп, екеуінде де жеңіске жетті. Алдымен ресейлік Константин Пшеничниковті (7:3), содан кейін қазақстандық Ризабек Айтмұханды (8:0) тізе бүктірді.

Сонымен қатар қазақстандық балуан Азамат Дәулетбековті айта кеткен жөн. Спортшы 86 келі салмақ дәрежесінде тамаша нәтиже көрсетіп, Беларусь құрамасы үшін өнер көрсететін дағыстандық Магомедхабиб Қадимагомедовты 4:0 есебімен жеңді.

Жарыста Қазақстан әйелдер құрамасының атынан Жәмилә Бақбергенова бозкілемге шықты. Алайда отандасымыздың айы оңынан тумады. Қазақстандық 76 келі салмақ дәрежесінде қырғыз балуаны Айпери Медетқызымен кездесіп, қарсыласына 5:1 есебімен жол берді.

Грек-рим күресінде көрермендер тартысты тартыстың куәсі болды. Куба балуаны Луис Орта Санчес (67 келі) армяндық Славик Галстяннан минималды есеппен (4:5) ұтылды. Дәл сол қарқынмен 97 келіде ресейлік спортшы Магомед Муртазалиевте кубалық Габриэль Росиллодан 11:4 есебімен ұтылып, жеңістен құр қалды.

Дейтұрғанмен, Алматыда өткен сегізінші PWL турнирі күрес әлемінде жарқын оқиғаға айналып, көрермендердің ықыласына бөленіп, ұмытылмас сәттер сыйлады. Ұйымдастырушылар мен спортшылар кәсіпқой күрес лигасының жоғары деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қорытындылай келсек, 2025 жылғы маусым Қазақстан балуандары үшін ерекше жетістіктермен басталды. Бір ай ішінде спортшыларымыз ірі халықаралық турнирлерде жеңіс тұғырынан көрініп, ел намысын абыроймен қорғады. Әсіресе, әйелдер құрамасы керемет нәтижелер көрсетіп, бірнеше алтын медальға қол жеткізді.

Бұл жетістіктер – тек бастамасы ғана. Алдағы жарыстарда спортшыларымыз бұдан да биік белестерді бағындырады деген сенім мол.

БОКСТАН АЙЫМЫЗ ОҢЫНАН ТУДЫ

Софияда (Болгария) бокстан «Странджа» кубогы аясында қыз-жігіттеріміз сәтті өнер көрсетіп, жалпы медальдық есепте тарихи 1-орынға ие болды. Беделді халықаралық турнирдің ең үздік боксшысы Төрехан Сабырхан атанды.

Ұлттық құраманың әйелдер сапында 13 спортшы жартылай финалға дейін жетті. Айта кетейік, 81 келіге дейінгі салмақта сынға түсетін Жібек Жарасқызы жеребе қорытындысы бойынша бірден финалға өтті. Бұл осы салмақ дәрежесінде қатысушылардың аз болуына байланысты. Дәл осындай жағдай 81 келіден жоғары салмақта да қайталанды. Бұл салмақта Дина Исламбекова жартылай финалдық жекпе-жек өткізбей-ақ шешуші кезеңге шықты. Қалған қыздарымыз өз қарсыластарын жеңіп, сәтті өнер көрсетті. Осылайша, кіші әлем чемпионаты аталып кеткен «Странджа» кубогының финалына жеті спортшы қызымыз шықты. Алайда финалдық бәсекелерде

қыздарымыз сүрініп, тек Ләззат Күнгейбаева 81 келіде алтыннан алқа тақты. Қалған қыздарымыз атап өтсек, Әйгерім Сәттібаева (48 келі), Әнел Сақыш (54 келі), Айдана Забынбекова (57 келі), Римма Волосенко (60 келі), Жібек Жарасқызы (81 келі) күмісті қанағат тұтты. Ал финалға өте алмаған сегіз боксшы жарысты қола жүлдемен аяқтады. Қола медальға ие болған спортшылардың қатарында Элянур Турганова (50 келі), Жансая Рахымберді (52 келі), Жазира Орақбаева (52 келі), Сымбат Әлиасқар (54 келі), Лаура Есенкелді (63 келі), Гаухар Шайбекова (66 келі), Азиза Исина (70 келі), Шұғыла Нәлібай (75 келі) бар.

Қазақстан ерлер құрамасының нәтижесіне турнирді бес алтын, 9 күміс және 4 қоламен көш бастады. Тәуелсіздік жылдардан бері мұндай нәтиже тіркелмеген еді. Бізден кейін Өзбекстан екінші орынға жайғасса, турнир қожайыны Болгария үздік үштікті түйіндеді.

Осы жарыстың тағы бір қызық тұсы ерлер арасында төрт салмақта, әйелдер арасында бір салмақта қазақстандық боксшылар финалда өзара жолықты.

Ерлер арасында 63,5 келі салмақта Ертуған Зейнуллинов пен Мұхаммедсабыр Базарбайұлы бір алтынға таласса, 71 келі салмақ дәрежесінде Абылайхан Жүсіпов пен Фарух Тоқтасынов өзара кім мықтыны анықтады. Ал 75 келі салмақта Сабыржан Аққалықов пен Тимур Нұрсеитов бір-бірімен чемпиондық атақты сарапқа салды. Сондай-ақ 86 келі салмақта Нұрбек Оралбай мен Бекзад Нұрдәулетов өзара мықтыны анықтады.

Әйелдер арасында аса ауыр салмақта сынға түсіп жүрген боксшылар Ләззат Күнгейбаева мен Дина Исламбекова алтынға таласты.

Ерлер құрамасынан жеңіс тұғырының ең жоғары сатысына Ертуған Зейнуллинов (63,5 келі), Төрехан Сабырхан (67 келі), Абылайхан Жүсіпов (71 келі), Сабыржан Аққалықов (75 келі), Бекзат Нұрдәулетов (86 келі) көтерілді. Күміс жүлдеге Даниял Сәбит (51 келі), Тимур Қабдешов (54 келі), Серік Теміржанов (60 келі), Мұхаммедсабыр Базарбайұлы (63,5 келі), Фарух Тоқтасынов (71 келі), Тимур Нұрсейітов (75 келі), Нұрбек Оралбай (86 келі), Айбек Оралбай (92 келіден жоғары) ие болды. Қола жүлде Теміртас Жүсіповке (48 келі), Оразбек Асылқұловқа (57 келі), Талғат Сырымбетовқа (60 келі), Данияр Рахымбердиевке (92 келі) бұйырды.

Жарыс қорытындысы бойынша 71 келідегі Төрехан Сабырхан ең үздік боксшы атанды. Бұл да тарихи жетістік деп айтсақ болады. Өйткені ол «Странджа» кіші әлем чемпионатында қазақтың жігіттері арасында алғаш рет былғары қолғап шебері атанып отыр. Небәрі 19 жастағы спортшымыз жастар арасында барлық титулды жеңіп алған еді.

Қайрат Сатжанов баптаған құрамамыз сәл тыныққаннан кейін алдағы әлем және құрлықтық аламандарға дайындықты бастайды. Страджа кубогы жылдың ең алғашқы халықаралық сайысы, сәйкесінше біздің команда үшін өзіндік іріктеу саналады. Яғни, бапкерлер құрамы әр салмақтың үздіктерін осы жерде анықтады. Енді алдағы жарыстардың маңыздылығына қарай нөмірі бірінші және екінші боксшыларды бәсекеге араластырады.

Бетті дайындаған Әсет ҚАЛИ

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4565
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Көктем ҚАРҚЫН